«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

«6B02302- Филология», «7M02301 Филология», «8D02301 Филология» білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттары талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясы жұмысы нәтижелері бойынша

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ

2026 жылдың 03-05 наурызы аралығы

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы эксперттік комиссия

АРТА-ның
Аккредиттеу кеңесіне
жолданған

«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ
НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»
INDEPENDENT AGENCY FOR ACCREDITATION AND RATING

«6B02302- Филология», «7M02301 Филология», «8D02301 Филология» білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттары талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясы жұмысы нәтижелері бойынша
ЕСЕП

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ
2026 жылдың 03-05 наурызы аралығы

Алматы қ. **«05» наурыз 2026 жыл**

Мазмұны

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ 3
(II) КІРІСПЕ 4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ 5
(IV) *АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ* 8
(V) ССК КЕЛУ САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ 8
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ 10

6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару» **10**

6.2. Стандарт «Ақпаратты басқару және есеп беру» **13**

6.3. Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» **17**

6.4. Стандарт «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағасы» **19**

6.5. Стандарт «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгірімді бағалау» **22**

6.6. Стандарт «Білім алушылар» **24**

6.7. Стандарт «Профессорлық-оқытушы құрамы» **27**

***6.8. Стандарт «*Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» **30**

***6.9. Стандарт «*Қоғамды ақпараттандыру» **33**

(I) САПАНЫ ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ 37
(IX) АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫС 40
ҚОСЫМША 1. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БАҒДАР ПАРАМЕТРЛЕРІ» БАҒАЛАУ КЕСТЕСІ 41
ҚОСЫМША 2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА САПАР БАҒДАРЛАМАСЫ 53
ҚОСЫМША 3. ПОҚ САУАЛНАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 64
ҚОСЫМША 4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ 72

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АЖ – ақпараттық жүйе
АК – академиялық күнтізбе
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технология
ББ – білім бағдарламасы
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
БП – базалық пәндер
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖБП – жалпы білім беру пәндері
ЖОО – жоғары оқу орны
КАБИС – Қазақстандық автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйесі
КазНЭБ – Қазақ ұлттық электронды кітапхана
КПҒК – кешенді проблемалар жөніндегі ғылыми кеңес
КП – кәсіптендіру пәндері
КТ – кешенді тест
КС – кәсіби стандарт
ҚР – Қазақстан Республикасы
МК – міндетті компонент
МҚА – мемлекеттік қорытынды аттестация
МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты
МҚС – мемлекеттік қызмет стандарты
МҚ – мемлекеттік қызмет
МОӘК – мамандықтың оқу-әдістемелік кешені
МББ – модульдік білім беру бағдарламасы
ОӘЖ – оқу-әдістемелік жұмыс
ОӘК – оқу-әдістемелік кешен
ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы
ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені
РМЭБ – Республикалық жоғары оқу орындары аралық кітапхана
СҚҚО – студентке қызмет көрсету орталығы
СБШ – салалық біліктілік шеңбері
СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы
СОӨЖ – студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы
СЖО – студент жастар одағы
СТОД – сыни тұрғыдан ойлауды дамыту
СМЖ – сапа менеджменті жүйесі
ТК – таңдау компоненті
ТОЖ – типтік оқу жоспары
ҰБЖ – ұлттық білім жүйесі
ҰБТ – ұлттық біріңғай тестілеу
ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері
ЭЗЖ – эксперименттік-зерттеу жұмысы
ЭПК – элективті пәндер каталогы
GPA – Grade Point Avarage (жұмсалған жалпы уақытты есепке алғандағы барлық өтілген курстардан алынған орташа арифметикалық баға)
ECTC – Europian Credit Transfer and Accumulation System (кредиттерді ауыстыру мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі)
ISO – International Organization for Standardization (Стандарттау бойынша

(II) КІРІСПЕ

2026 жылдың 21 қаңтарындағы № 21-26-ОД бұйрыққа сай Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі 2026 жылдың 3-5 наурызы аралығында сыртқы сараптау комиссиясы гибридті форматта Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «6B02302- Филология», «7M02301 Филология», «8D02301 Филология» білім беру бағдарламаларының НААР мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне бағалау жүргізді.

Сыртқы сараптамалық комиссияның (ССК) есебі ұсынылған білім беру бағдарламаларының НААР критерийлеріне сәйкестігін бағалауды, білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі ССК ұсынымдарын, сондай-ақ білім беру бағдарламалары профилінің параметрлерін қамтиды.

ССК құрамы:

ССК төрағасы – Погребицкая Марина Владимировна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ (Петропавл қ.).

IAAR шетелдік сарапшысы – Сюзи Михайлидис (Sousana Michailidou), PhD докторы, Афинадағы Вебстер университетінің профессоры, Еуропа-Жерорта теңізі Өнер және ғылым академиясының вице-президенті (Афины қ., Грекия).

IAAR сарапшысы – Садирова Күлзат Каниевна, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ (Ақтөбе қ.).

IAAR сарапшысы – Стельмах Светлана Александровна, психология ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор, «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ-тың психология және коррекциялық педагогика кафедрасы (Өскемен қ.).

IAAR сарапшысы – Хамраев Шерипидин Итахунович, техника ғылымдарының кандидаты, профессор, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ (Алматы қ.).

IAAR сарапшысы – Галиева Айгүл Нұрсаитовна, филология ғылымдарының кандидаты, Жетісу университеті (Талдықорған қ.).

IAAR сарапшысы, жұмыс беруші – Кушнир Марина Петровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-ның «Қарағанды облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалы директорының орынбасары (Қарағанды қ.).

IAAR сарапшысы, студент – Инаятова Малика Сайдазимхановна, «Психология» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, Maqsut Narikbayev University (Астана қ.).

IAAR сарапшысы, студент – Сакенов Ислам Қайруллаевич, «DevOps инжиниринг» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ (Астана қ.).

IAAR сарапшысы, студент – Әмірхан Нұрайлым Әлибекқызы, «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, «Торайғыров университеті» КЕАҚ.

IAAR ССК үйлестірушісі – Бекенова Динара Қайырбековна, IAAR жобасының жетекшісі (Астана қ.).

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі- ҚазҰлтҚызПУ) тарихы 1944 жылы 15 тамызда Қазақ Социалистік Республикалар Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен құрылған Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтынан басталған.

2020 жылғы 18 мамырдағы № 286 бұйрыққа сәйкес ҚР Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен қаржы министрлігі 2020 жылдан бастап «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ретінде жұмыс істейді.

ҚазҰлтҚызПУ -дың 85 ББББ мамандандырылған аккредиттеуден өткен: оның ішінде «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінде» (АРТА, 2019 жылы) 30 бакалавриат ББББ , 20 магистратура ББББ және 4 докторантура ББББ. «ARQA білім беру сапасын аккредиттеу және сараптау жөніндегі тәуелсіз агенттігінде» 6 бакалавриат ББББ, 2 магистратура ББББ аккредиттелген. Оның ішінде 9 бакалавриат ББ, 6 магистратура ББ, 8 докторантура ББ «ACQUIN халықаралық аккредиттеу агенттігінде» мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өткен.

2024 жылдың наурыз айында Университет 5 жыл мерзімге 35 ББ бойынша институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өткен.

2025 жылы 27 білім беру бағдарламасы бойынша университет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы рейтингінің алғашқы ондығына кірген.

Университет QS – Asia 2025 нұсқасы бойынша Азияның жетекші жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингінде 2000+ қатысушылардың ішінен 1001-1100 орын алған, сондай-ақ Университет QS Stars халықаралық рейтинг жүйесінде кешенді бағалау қорытындысы бойынша беделді 4 жұлдызды рейтингке ие болған. QS Stars Университетті тиімді басқару — «5 жұлдыз», Жұмысқа орналастыру — «5 жұлдыз», Оқыту – «4 жұлдыз», Академиялық даму — «3 жұлдыз», Инфрақұрылым — «3 жұлдыз», Әлеуметтік әсер – «3 жұлдыз», Жаһандық өзара іс- қимыл – «2 жұлдыздар», Инклюзивтілік — «2 жұлдыз». «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы критерийлер бойынша ББ мамандануы «4 жұлдыз» деген бағаға ие болған.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Times Higher Education 2025 жоғары мектебінің ықпалының беделді рейтингіне екі жыл қатарынан еніп, Times Higher Education Impact Rankings рейтингінде әлемдегі 2526 университеттің ішінде 1501 + орын алған.

Университет ranking Web of Universities-Webometrics әлемдегі жоғары оқу орындарының үздік веб-сайттарының рейтингіне қатысып, 2025 жылдың қорытындысы бойынша әлемдегі 31869 жоғары оқу орындары арасында рейтингте 7325 орынды және қазақстандық жоғары оқу орындары арасында рейтингте 25 орынды иеленген.

Жыл сайын «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» өткізетін Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының 2023 жылға арналған «Топ-20» бас рейтингісінде университет 10-ға, 2024 жылы 8-ге, 2025 жылы еліміздің 7 жетекші жоғары оқу орындарына кірген. https://iaar.agency/rating/1/0/2025

Сайттағы мәлімет бойынша университетте 5 институт, 22 кафедра; әрбір институтта – сапаны қамтамасыз ету комитеттері (5), сонымен қатар, Химия және биология ғылыми-зерттеу орталығы, "Digital Lady" технопаркі, ART орталығы, Балаларды ерте жастан дамыту орталығы, Ауылдық білім беруді дамыту орталығы, Білім беруді өлшеу және бағалау орталығы, Әлеуметтік және гендерлік зерттеулер орталығы, Академиялық жазу және тілдерді оқыту орталығы, Инклюзивті және арнайы білім беруді дамыту орталығы, Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті бар.

Білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін диссертация қорғататын 3 диссертациялық Кеңес ашылған: «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» (8D017 тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді

даярлау), «6D020500 – Филология» (8D023 Тілдер мен әдебиет), «6D060600 – Химия» (8D05301 – Химия), «6D011300 – Биология» (8D01504 – Биология).

ҚазҰлтҚызПУ Жаратылыстану институты, Педагогика және психология институты, Әлеуметтік -гуманитарлық ғылымдар және өнер институты, Физика-математика және цифрлық технологиялар институты және Филология институты базасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау 105 ББҚ бойынша жүзеге асырылады: 62 бакалавриат ББҚ, 31 магистратура ББҚ, 12 докторантура ББҚ.

ҚазҰлтҚызПУ бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бағдарламалары бойынша білім беру қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық білім беру жүйесі шеңберінде Жарғы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2020 жылғы 18 мамырдағы №286 бұйрығымен бекітілген) және «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі 2025 жылғы 28 мамырдағы берген №KZ80LAM00004191 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

6B02302 - «Филология», 7M02301 - «Филология», 8D02301 - «Филология» білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2025 жылғы 28 мамырдағы № 872 бұйрығымен берілген қолданыстағы лицензия KZ80LAM00004191 негізінде маман даярлайды.

«6B02302- Филология», «7M02301 Филология», «8D02301 Филология» білім беру бағдарламалары жыл сайын “Атамекен” кәсіпкерлер палатасының және “АРТА” рейтингісіне қатысып, мынадай орындарды иеленген:

	Атамекен рейтингісінде:	**АРТА рейтингісінде**
6B02302	2022 жылы – 4-орын (13) 2023 жылы -5-орын (15) 2024 жылы – 5 -орын (13) 2025 жылы – 2 орын (14)	2021 жылы – 4 орын 2022 жылы -3-орын
7M02301	2022 жылы – 3 орын	2024 жылы - 3-орын 2025 жылы – 3 орын
8D02301	-	2022 жылы - 3-орын 2024 жылы 2- орын, 2025 жылы -3-орын

6B02302 - «Филология» білім бағдарламасы бойынша студенттер контингенті (01.03.2026 жылғы мәлімет):

Курс	**Барлығы**	**Грант**	**ақылы**
1	18	5	13
2	17	17	-
3	21	2	19
4	27	4	23
Барлығы	**83**	**28**	**55**

7M02301 - «Филология» білім бағдарламасы бойынша магистранттар контингенті (01.03.2026 жылғы мәлімет):

Курс	**Барлығы**	**Грант**	**ақылы**
1	-	-	-
2	1	1	-

Барлығы	**1**	**1**	**-**

8D02301 - «Филология» білім бағдарламасы бойынша докторанттар контингенті (01.03.2026 жылғы мәлімет):

Курс	Барлығы	Грант	ақылы
1	3	3	-
2	1	1	-
3	3	3	-
Барлығы	**7**	**7**	**-**

6B02302 - «Филология», 7M02301 - «Филология», 8D02301 - «Филология» білім беру бағдарламаларына оқыту үдерісін жүзеге асыратын профессор-оқытушылардың сандық және сапалық құрамы

6B02302 - «Филология», 7M02301 - «Филология», 8D02301 - «Филология» білім беру бағдарламаларына оқыту үдерісін жүзеге асыратын профессор-оқытушылар біліктілік талаптарына сәйкес келеді. 7M02301 - «Филология», 8D02301 - «Филология» білім беру бағдарламалары пәндерін жүргізетін профессор-оқытушылар құрамының саны – 20, олардың 9-ы – «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегерлері, ғылыми дәрежелілігі – 100 %.

Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми гранттық жобалары туралы ақпарат:

1. Гранттық қаржыландыру жобасының тақырыбы: «Система концептов в мировоззрении древних тюрков» (2021-2023 жылдар). Ғылыми жоба жетекшісі: Қосымова Г. Гранттың қаржылық көлемі: 51 210 663 теңге.

2. Гранттық қаржыландыру жобасының тақырыбы: «Обучение казахскому языку посредством цифровых ресурсов на основе национального бренда» (2021-2023 жылдар). Ғылыми жоба жетекшісі: Ибраймова Л.Ә. Гранттың қаржылық көлемі: 40 172 258 теңге.

3. Гранттық қаржыландыру жобасының тақырыбы: «Ұлттық әдебиеттегі алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» (2022-2024 жылдар). Ғылыми жоба жетекшісі: Әбдіқалық К.С. Гранттың қаржылық көлемі: 48 357 328,04 теңге

4. Гранттық қаржыландыру жобасының тақырыбы: «Балапан» телеарнасындағы бағдарламалардың (2017-2024 жж.) әдеби тіл нормасына сәйкестігін мониторингілеудің теориясы мен тәжірибесі» (2023-2025 жылдар). Ғылыми жоба жетекшісі: Шойбекова Ғ.Б. Гранттың қаржылық көлемі: 70 045 962 теңге.

5. Гранттық қаржыландыру жобасының тақырыбы: «Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект жүйесінде берілуі: тілдік ауытқулар және оны жүйелеу» (2025-2027 жылдар). Ғылыми жоба жетекшісі: Рысқұлбек Д.Ж. Гранттың қаржылық көлемі: 89 062 346,4 теңге.

6. Гранттық қаржыландыру жобасының тақырыбы: "Turatalk"": Инновационная платформа для обучения казахскому языку онлайн. Коммерциализациялау жобасы. (2024-2027 жылдар) Ғылыми жоба жетекшісі: Ибраймова Л.Ә. Гранттың қаржылық көлемі: 520 255 554,41 теңге

(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің 24.05.2019 жылдан бастап 23.05.2026 мерзімге дейін ББ-ның мамандандырылған аккредиттеу туралы куәліктері дәлелденген (куәліктің №AB2460).

2024–2025 оқу жылында 6B02302 – «Филология», 7M02301 – «Филология», 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламалары жеті жыл мерзімге берілген мамандандырылған аккредитация нәтижелері бойынша 8 сәуір 2025 жылы постмониторингтен өткен. Нәтижесі бойынша 6B02301 (6B02302) Филология, 7M02301 (7M02301) Филология, 8D02301 (8D02301) Филология ББ бойынша ССК ұсыныстарын жүзеге асыру талдамасы мынадай сипатта:

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша «ББ басшыларына білім беру менеджменті бойынша курстар ұйымдастыру практикасын жалғастыру» ұсынысы 100 % орындалған. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандартына сай ұсынылған «ББ-ға енгізілген өзгерістер туралы барлық мүдделі тұлғаларды хабардар ету тетігін жандандыру» толық орындалған (100%). «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандартына берілген «Шетелдік білім беру ұйымдарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігін қарастыру» ұсыныстың орындалуына дәлелді құжат ретінде бітіртуші кафедраның (№2 хаттама 27.10.2021 ж) хаттамасы ұсынылған, онда Түркия мемлекетінің Нийде Өмер Халисдемир университетімен бірлескен оқу бағдарламаларының жобасын әзірлеу туралы қаулы қабылданған, орындалуы – 50 %. «Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау» стандартына «ББ басқару үшін ықтимал тәуекелдер ауқымын белгілеу және олардың тұрақты мониторингін жүргізу» ұсынысы берілген, ББ басшылығы ықтимал тәуекелдер ауқымын белгілей алған және оларға тұрақты түрде мониторинг жүргізеді. ХЕРО платформасы арқылы жылына екі рет білім алушылар арасында сауалнама жүргізіледі. Бұл сауалнамалар пән сапасы, оқу-әдістемелік материалдар, тапсырмалар мен оқыту әдістеріне қатысты мәлімет береді. Еңбек нарығы мен кадрларға сұранысты қатаң бақылауда ұстап, кадр қажеттілігіне талдау нәтижелері ескеріліп отырады. Ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің қатысуымен пән мазмұны мен оқу жоспарлары қайта қаралып отырады. Білім алушылар мен жұмыс берушілердің белсенді қатысуы, сапаны тұрақты мониторинг жасау тетіктерінің болуы, еңбек нарығындағы сұраныс пен жоғары рейтингтер бағдарламалардың бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Орындалуы - 80 %. «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандартына берілген «Шетелдік білім алушыларды бейімдеу және қолдау бағдарламасын жетілдіру» ұсынысының орындалуы – 80 %. «Профессорлық-оқытушы құрамы» стандарты бойынша 4 ұсыныс жасалған: Ұсыныс 1: Оқу процесін жүзеге асыруға практиктерді тарту мүмкіндігін қарастыру. Ұсыныс 100 %-ға орындалған. Ұсыныс 2: Профессор-оқытушылар құрамының жақын және алыс шетелдерде тағылымдамадан өту және академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Ұсыныс жүзеге асырылып жатыр және жүйелі түрде жалғастырылуы тиіс. Орындалуы – 70 %. Ұсыныс 3: Әр түрлі дәйексөз базаларында Хирш индексі бар ПОҚ санын арттыру. Ұсыныс іске асырылып жатыр (90%). Ұсыныс 4: ББ сәйкес білім алушылар мен ПОҚ-ын технологиялық қолдаумен қамтамасыз ету (онлайн оқыту, модельдеу және т.б.) Ұсыныс толық орындалған (100%)

Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі стандарттар: 6B02302 – "Филология" ББ үшін ұсыныс: Оқу процесін жүзеге асыруға практиктерді тартудың әртүрлі формаларын қолдану. Ұсыныс толық жүзеге асқан (100%)

(V) ССК КЕЛУ САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ССК жұмысы «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында мамандандырылған аккредитациясы бойынша сараптамалық комиссияның сапар бағдарламасы негізінде 2026 жылғы 3-5 наурыз аралығында жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында 2026 жылғы 2 наурызда ватсап желісінде тиісті құжаттар жіберіліп, онда комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапар кестесі нақтыланды, сараптама әдістерін таңдау мәселелері бойынша келісімге қол жеткізілді.

Білім беру бағдарламаларының сапасы, білім беру ұйымы және университеттің барлық инфрақұрылымы туралы объективті ақпарат алу, өзін-өзі бағалау есептерінің мазмұнын нақтылау үшін Басқарма төрағасы, төраға орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер басшылары, оқытушылар және тыңдаушылармен кездесулер ұйымдастырылды. Барлығы 99 өкіл қатысқан.

Кесте 1 – АРТА-нің ССК-мен кездесуге қатысқан қызметкерлер мен тыңдаушылар туралы мәліметтер

Қатысушылар категориясы	Саны
Басқарма төрағасы-Ректор	1
Проректорлар	5
Құрылымдық бөлімше басшылары	32
Институт директорлары	4
ББ жетекшілері	12
Профессорлық-оқытушылар құрамы (2 кластер)	11
Білім алушылар (2 кластер)	22
Түлектер (2 кластер)	6
Жұмыс берушілер, практика базаларының өкілдері (2 кластер)	6
Барлығы	99

ССК мүшелері университеттің материалдық-техникалық базасымен танысып, «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ заманауи кітапханасын, Ә.Құрышжанұлы, С.Исаев, А.Байтұрсынұлы, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Ш.Беркімбаева атындағы оқу дәрісханалары мен практика базаларының, атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Мемлекеттік тілді дамыту институты жұмысына назар аударды. «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ мақсатты топтарымен кездесуде университеттің саясатын іске асыру механизмдері мен өзін-өзі бағалау есебінде көрсетілген мәліметтер нақтыланды. Өзін-өзі бағалау есебінде ұсынылған ақпаратты растау үшін сыртқы сарапшылар жоғары оқу орнының жұмыс құжаттамасын сұратып, талдады. Аккредитация кезеңінде жоспар бойынша регламентке сәйкес жұмыс атқарылды.

ССК мүшелері 2 профессор-оқытушының – Ж.А.Алиеваның 6В02302-Филология білім бағдарламасына өткізілген «Дүние жүзі халықтарының әдебиеті» 04.03.2026 ж., сағат 09.05-09.55 аралығындағы пәніне және Г.К.Абдрасилованың 04.03.2026 жылғы 15.35-16.25 аралығындағы «Латын графикасы және қазақ жазуы тарихы» пәніне – сабағына қатысты.

Жоспарланған бағдарлама аясында «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ білім беру ұйымын жетілдіру бойынша ұсыныстар 2026 жылғы 5 наурызда басшылықпен кездесуде ұсынылды.

(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»

ЖОО әртүрлі стейкхолдерлерді кеңінен тарта отырып сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде ББ дамыту мақсаты мен стратегиясын әзірлеуді көрсетуі тиіс

Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсетуі керек

ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетеді

Сапаны қамтамасыз ету міндеттемесі мердігерлер мен серіктестер орындайтын кез келген қызметке (аутсорсингке), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беруді және академиялық ұтқырлықты іске асыру кезінде жатқызылуы тиіс

ББ басшылығы оның жұмыс істеуін талдау, ЖОО-ның нақты орналасуы және оның қызметінің білім алушылардың, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы негізінде ББ дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді.

ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыру және оны іске асыру мониторингін ұдайы қайта қарау, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалау, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестік, ББ ұдайы жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау тетіктерінің жұмыс істеуін көрсетеді

ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен ПОҚ тартуға тиіс

ББ басшылығы ББ даму жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымының даму стратегиясымен үйлесімділігін көрсетуі тиіс

ЖОО ББ шеңберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындалуын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бөлуді, алқалы органдардың функцияларын ажыратуды көрсетуі тиіс

ББ басшылығы ББ әзірлеу мен басқаруға қатысатын барлық тұлғалардың қызметін үйлестіруді және оны үздіксіз іске асыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы процеске барлық мүдделі тұлғаларды тартады

ББ басшылығы басқару жүйесінің ашықтығын, оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, тиісті шешімдер қабылдауды қамтитын сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс

ББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс

ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына мүдделі тұлғалардың (жұмыс берушілердің, ПОҚ, білім алушылардың) өкілдерінің қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың өкілдігін қамтамасыз етуге тиіс

ЖОО ББ шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс

ББ басшылығы ПОҚ білім алушылары, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін өзінің ашықтығы мен қолжетімділігін көрсетуі тиіс

ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өткенін растайды

ББ басшылығы сапаны сыртқы қамтамасыз етудің соңғы рәсімінен бастап қол жеткізілген прогресті келесі рәсімге дайындық кезінде ескеруге ұмтылуы керек

Дәлелдеу бөлімі

6B02302 – «Филология», 7M02301 – «Филология», 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламалары мазмұнын, мақсатын, стратегиясын әзірлеуде негізгі жұмыс берушілер мен сарапшылар, нақты атағанда, А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ директоры А.М.Фазылжан, институт ғалымдары, ғылым докторлары Р.Н.Шойбеков, А.Ә.Жаңабекова, С. Құлманов, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ғалымдары О.Жұбаева, С.Бектемірова, Абай атындағы ҚазҰПУ ғалымы, кафедра меңгерушісі Н.Ә.Ильясова, Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры Б.Қапалбектер тартылған. Олардың тарапынан жасалған ұсынымдар консультациялық кездесулердің хаттамаларымен және білім беру бағдарламаларына берілген рецензиялармен расталған. Сапаны қамтамасыз ету саясатын талдау білім бағдарламасына оқытудың бітіртуші кафедра профессор-оқытушыларының ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуімен сабақтасатынын аңғартты. Кафедра профессор-оқытушыларының 2021-2027 жылдарға арналған гранттық жобаларды орындау нәтижесінде жарияланған зерттеу еңбектері, монографиялары, оқу құралдары мен

оқулықтары білім беруге енгізілген. Мысалы, ғылыми жобалардың нәтижесінде білім бағдарламаларына «Қазақ әдеби тілінің өміршеңдігі», «Қазақ тілін ұлттық брэнд арқылы үйрету», «Қазақ жазуы және латын графикасы», «Коммуникативті грамматика» , «Қазақ лексикографиясы мәселелері» секілді пәндер енгізілген.

Аккредиттеліп отырған білім бағдарламаларының даму жоспары жасалған (19.09.2025 жылы институт директоры А.Сатбекова қолмен бекітілген, қазақ тіл білімі теориясы мен әдістемесі кафедрасында талқыланған. № 1 хаттама, 28.08.2025), оның мазмұнында түлектер моделі нақты сипатталып, білім бағдарламасының тәуекелдері, осал және мықты тұстары талданған. ББ басшылығы оның жұмыс істеуін талдау, ЖОО-ның нақты орналасуы және оның қызметінің білім алушылардың, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы негізінде ББ дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді.

ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыру және оны іске асыру мониторингін ұдайы қайта қарайтыны, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалауға, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін, ББ ұдайы жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау тетіктерінің жұмыс істейтінін көрсете білді.

ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға жұмыс берушілерді, білім алушылар мен ПОҚ тартылатынын дәлелдеді.

ББ басшылығы ББ даму жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымының даму стратегиясымен үйлесімділігін барынша көрсетуге тырысты. ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өткенін растады.

Сапа мәдениеті ішкі мониторинг жүйесі және профессор-оқытушылар құрамының жеке жауапкершілігі арқылы қолдау табады. БББ деңгейінде сапа мәдениетінің дамуы «Оқытушы студент көзімен» атты сауалнаманың жүйелі түрде жүргізілуімен расталады. Сауалнама нәтижелері кафедра отырыстарында талқыланып, әрбір қызметкердің түпкі нәтижеге жауапкершілігін қалыптастырады. Аталған талдамалық жұмыс тек ішкі мониторингпен шектелмейді. 6B02302 - «Филология», 7M02301 - «Филология», 8D02301 - «Филология» білім беру бағдарламаларын дамыту барлық негізгі стейкхолдерлермен тығыз өзара іс-қимыл негізінде жоспарланады. Профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылар және жұмыс берушілер бағдарламаларды әзірлеуге толыққанды бірлескен әзірлеушілер ретінде қатысады, бұл олардың өзектілігін және қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Бірінші кезекте оқу-әдістемелік базаны жетілдіру, материалдық-техникалық жабдықтауды жетілдіру, электрондық кітапханалық ресурстардың кеңеюі, оқу жабдықтарын жаңғырту, білім беру үдерісін компьютерлендіру және ақпараттандыру т.б. жатады. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы шарт жасайды, жұмыс берушілермен келісім шарт жасайды, оқу және ғылыми практиканың негізін құруға, студенттер мен оқытушыларға арналған шарттарды құруға және екі жақты академиялық алмасуды ұйымдастыруға, ғылыми жарияланымдардың дәйексөз мөлшерін көтеруге және т.б. жағдай жасайды.

Бағдарламаның сұраныс деңгейі мемлекеттік гранттар көлемі, жұмыс берушілердің кері байланысы, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері және талапкерлер контингентінің динамикасы негізінде айқындалады. Соңғы жылдары 6B02302-Филология ББ-на сұраныстың артқандығы байқалады: 2024-2025 оқу жылында аталған ББ-ға 25 грант қабылданса, 2025-2026 оқу жылында 5 грант қабылданған. 7M02301-Филология ББ-на сұраныстың аз екені байқалады, оны тілек білдірген түлектердің шетел тілінен шекті балды жинай алмауымен сабақтастырады. Соған орай бітіруші түлектерден сауалнама алынып, шетел тілінен дайындық курстары ұйымдастырылған. 8D02301- Филология ББ -на түсуге өтініш білдірушілер саны көп болғанымен, контингент мемлекеттік гранттың бөлінуіне байланысты қалыптасатыны анықталды. Бөлінген гранттар толық игерілген.

Аккредиттеліп отырған білім бағдарламасы бойынша бітірушілердің жұмысқа орналасуы динамикасы мынадай: 2021 жылы – 76 %, 2022 жылы – 88 %, 2023 жылы – 80 %, 2024 жылы – 89 %, 2025 жылы – 100 %.

Аналитикалық бөлімі

Аккредиттеліп отырған білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттары талаптарына сәйкестігін талдау «Білім беру бағдарламасын басқару» стандартының талапты қанағаттандыратынын анықтады. Дегенмен талдау барысында жоғары оқу орнының білім беру бағдарламасы шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді жақсарту қажеттігі байқалды. Практика базасын аралау барысында жұмыс берушілер мен практика базасының басшысы тарапынан практиканттардың қолданбалы және компьютерлік лингвистикаға қатысты, жасанды интеллектіге қатысты тапсырмаларды орындауға қатысып жатқанын, осы жұмыс дағдыларын кәсіби құзыреттілікке көтеру мақсатында білім бағдарламасы мазмұнына инновациялық ұсыныс енгізу қажеттігі аталды.

Кафедрада қос дипломды білім беру бағдарламасы жоқ. Қазіргі таңда Нийде Өмер Халисдемир университетімен (Түркия) қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша келіссөздер жүргізіліп жатқаны байқалады. Профессор-оқытушылар құрамының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлыққа қатысуы соңғы оқу жылында жүзеге асырылмаған.

Білім бағдарламаларында білім алушылар контингенті аз, бұл білім бағдарламасының тәуекелдерін жіті талдауды, әрі алдын алуды қажет етеді.

Талдау барысында білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарлары әзірленгені анықталды, алайда олардың құрылымы, мазмұны және іске асыру тетіктері әртүрлі сипатқа ие. Жоспарларды өзектендіру мерзімдерінің сақталмау жағдайлары, жаңартылған көрсеткіштердің болмауы және жоспарланған іс-шараларды орындауда формалды көзқарастың орын алуы анықталды. Аталған кемшіліктер білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу және мерзімді түрде өзектендіру талаптарын белгілейтін бірыңғай регламенттеуші құжаттың болмауымен түсіндіріледі. Бұл өз кезегінде стратегиялық жоспарлау мен бағдарламалар сапасын басқарудың тиімділігін төмендетеді.

Университеттің сайтында сапаны қамтамасыз ету саясаты және сапа менеджменті жүйесінің сипаттамасы, ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі құжаттар жиынтығымен ұсынылған және әртүрлі үдерістердің қалай басқарылуын сипаттаумен расталған. Дегенмен ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жан-жақты сипаттайтын бірыңғай құжат жоқтығы анықталды.

Университет басшылығының өкілдерімен жүргізілген сұхбаттар және ұсынылған материалдарды талдау барысында сарапшылар университетте тәуекелдерді басқару мәдениетінің жекелеген элементтері қалыптасып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, құрылымдық бөлімшелер басшыларының тәуекелдерді басқару тәсілдерін әртүрлі түсінетіні және оларды талдау мен бағалау құралдарын әртүрлі деңгейде қолданатыны анықталды. Сарапшылардың пікірінше, мұндай жағдай университетте тәуекелдерді басқару жүйесін реттейтін бірыңғай нормативтік құжаттың болмауымен, сондай-ақ тиісті рәсімдердің жеткілікті деңгейде институционалданбауымен байланысты болуы мүмкін. Осыған байланысты университеттің басқару тәжірибесінде тәуекелдерді қолданудың жүйелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқарудың бірыңғай әдістемелік тәсілдері мен практикалық құралдарын әзірлеп, енгізу орынды деп саналады.

Білім беру бағдарламаларының жетекшілері мен факультет декандарымен өткізілген кездесулер барысында олардың білім беру менеджменті саласында түрлі білім беру және кәсіби ұйымдарда оқудан өтіп, біліктіліктерін арттырғаны расталды. Бұл оларға жаңа басқарушылық құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік берген. Сонымен қатар, талқылау барысында қатысушылар алынған білімді практикалық тұрғыда қолданудың және білім беру бағдарламаларының қызметіне жаңа басқарушылық тәсілдерді енгізудің нақты

мысалдарын келтіруде қиналды. Бұл білім беру бағдарламаларын басқаруда басшылардың кәсіби дамуының нәтижелерін тәжірибеге бағытталған түрде қолдануды күшейту қажеттігін көрсетеді.

Сарапшылар алдыңғы аккредиттеу рәсімдерінің қорытындысы бойынша берілген ұсынымдардың іске асырылу деңгейінің жеткіліксіздігіне назар аударды. Мұндай жағдай сыртқы сапаны бағалаудың тиімділігі мен практикалық маңыздылығын төмендетуі мүмкін. Осыған байланысты сыртқы сарапшылардың ұсынымдарын іске асыруды бақылауды күшейту және оларды білім беру бағдарламаларын стратегиялық және операциялық басқару процестеріне неғұрлым белсенді енгізуді қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

ССК ұсынысы:

- Университет басшылығына 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарын әзірлеу, басқару, мониторинг жүргізу және қайта қарау тәртібін егжей-тегжейлі сипаттайтын жеке құжатты (ереже / нұсқаулық / регламент) әзірлеу, бекіту, ресми сайтта орналастыру және қызметке енгізу ұсынылады.
- Университет басшылығына 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін егжей-тегжейлі сипаттайтын жеке құжатты (ереже / нұсқаулық / регламент) әзірлеу, бекіту, ресми сайтта орналастыру және қызметке енгізу ұсынылады.
- ЖОО басшылығына 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін құрылымдық бөлімшелер деңгейінде және білім беру бағдарламалары аясында тәуекелдерді басқару тәртібін айқындап, құжаттандыру ұсынылады.
- Университет басшылығына 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін менеджмент бағдарламалары бойынша оқудан өткен әрбір жетекшіге алынған білімді қолдану бойынша жеке жоспар әзірлеуді және оны жыл сайынғы аттестация аясында іске асырылуын есепке алуды қарастыратын посттренингтік қолдау механизмін енгізу ұсынылады.
- Университет пен білім беру мекемесінің басшылығы білім беру мекемесі аккредиттелген бүкіл кезең ішінде қызметті жоспарлау құжаттарында ССК-тің барлық ұсынымдарын жүзеге асыруды және олардың толық орындалуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауы тиіс.
- Білім беру бағдарламасы шеңберінде инновацияларды енгізу және олардың енгізілуін бақылауды ресімдеу. Орындалуы – *2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін*

ССК қорытындысы: *«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша 17 критерий ашылды, оның ішінде: 15 критерий қанағаттанарлық, 2 критерий жақсартуды талап етеді.*

6.2. Стандарт «Ақпаратты басқару және есеп беру»

● *ЖОО қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдар негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс*

ББ нұсқаулығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалануды көрсетеді

ББ басшылығы ББ шеңберінде барлық құрылымдық бөлімшелер мен кафедралардың қызметін көрсететін, олардың нәтижелілігін бағалауды қамтитын есептілік жүйесінің болуын көрсетеді

ЖОО ББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін бағалаудың кезеңділігін, нысандары мен әдістерін айқындауға тиіс

ЖОО ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде ақпаратты талдаудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты тұлғаларды айқындау және деректерді ұсыну тетігін көрсетуі тиіс

ЖОО білім алушыларды, қызметкерлер мен ПОҚ ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне тартуды көрсетеді

ББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің бар екендігін көрсетуге тиіс

ЖОО ББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жою дәлелдерін көрсетуі тиіс

ЖОО қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, оның ішінде ББ бөлінісінде бағалауы тиіс

ЖОО ББ шеңберінде жинайтын және талдайтын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:

тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

нысандар мен түрлер бойынша білім алушылар контингентінің динамикасы

үлгерім деңгейі, студенттердің жетістіктері және оқудан шығару

білім алушылардың ББ іске асырылуына және ЖОО оқыту сапасына қанағаттануы

білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі

түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі

Білім алушылар, қызметкерлер және ПОҚ дербес деректерді өңдеуге өзінің келісімін құжатпен растауы тиіс

ББ басшылығы ғылымның тиісті салаларында барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуге тиіс

Дәлелдеу бөлімі

Университетте қажетті шешімдер қабылдау үшін ішкі және сыртқы деректерді жинау және талдау жүйесі жұмыс істейді. Ақпаратты жинау, талдау және басқарудың негізгі жүйесі – ресми сайт https://qyzpu.edu.kz/, 2025 жылдың қаңтарынан бастап университет профессорлық-оқытушылық құрамы, қызметкерлер мен студенттер e-University бөлімінде жаңа «Platonus» ААЖ жүйесіне көшкен. Сонымен қатар университет Salem Office https://sed.qyzpu.edu.kz/sign-in бағдарламасын тиімді басқару, процестерді автоматтандыру және құжаттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралы ретінде пайдаланады.

«Platonus» ААЖ-да 11000-нан астам студент және 700-ден астам оқытушы тіркелген. Платформа жеке оқу жоспарларына, оқу материалдарына қол жеткізуге және студенттердің академиялық үлгерімін бақылауға мүмкіндік береді. Барлық деректер оқу процесінің орталық базалық процесімен автоматты түрде синхрондалады, бұл оқу процесінің ашықтығы мен бақылауын қамтамасыз етеді. Университеттің білім беру қызметі туралы барлық ақпарат, соның ішінде аккредиттелетін ОП кластерлері, толық автоматтандырылған: студенттерді қабылдаудан бастап олардың бітіруіне дейінгі оқу процесі Platonus платформасында жүзеге асырылады. Жүйе тікелей орталық дерекқорға интеграцияланған және авторизация және аутентификация механизмдерін қолдана отырып, пайдаланушылардың құқықтарын бөлу арқылы рұқсат етілмеген қол жеткізуден сенімді қорғанысты қамтамасыз етеді. Платформа оқу процесі туралы деректер мен ақпаратқа персонализирленген қол жеткізуді қамтамасыз етеді, әрбір пайдаланушы тек өзінің рөліне сәйкес модульдер мен ақпаратпен жұмыс істей алады. Оның құрамына университет құрылымы бойынша веб-ресурстар, бөлімшелер, қызметкерлердің жеке веб-парақшалары; интерактивті қосымшалар; электрондық білім беру ресурстары; университеттің басқа да тақырыптық интернет-ресурстары мен ақпараттық жүйелері; серіктестердің интернет-ресурстарына сілтемелер; интернет желісінің электрондық ресурстары кіреді.

Университеттің ресми сайты үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) жұмыс істейді, сайтта Университет өмірі туралы толық ақпарат берілген, ректордың жеке блогы орналастырылған, оқу орнының жылдар бойынша егжей-тегжейлі тарихы баяндалған, комплаенс-қызметі, құрылымы, даму стратегиясы, профессор-оқытушылар құрамының портфолиосы, сондай-ақ ББББ мазмұны, ЭПК, ББББ әзірлеуші топ туралы толық ақпарат қамтылған. https://qyzpu.edu.kz/ru университет қолданатын әлеуметтік желілерге сілтемелер көрсетілген: Instagram, Facebook, YouTube және Telegram. Филология институтының әлеуметтік желі беттерінде өткізілетін іс-шаралар, ғылыми семинарлар, конференциялар және студенттер мен оқытушылардың жетістіктері туралы ақпарат тұрақты түрде жарияланады. Контент студенттер мен қызметкерлерді өзекті оқиғалар, білім беру бастамалары және кәсіби даму мүмкіндіктері туралы хабардар ету үшін жаңартылып отырады.

1. Филология институты инстаграм парақшасы: https://www.instagram.com/qyzpu_fillfak?igsh=bnV3YWk1YjJnaW42;

2. Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы: https://www.instagram.com/ktbta_kafedrasy?igsh=NW5od2w1NzE2b2h3

Ақпаратты басқару процесі жоғары оқу орнында Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламаларын басқару ақпараттың өлшенімділігі мен сенімділігі қағидаттарына негізделеді және келесі блоктар бойынша жинақталады:

1. Контингент және түлектер: үлгерімділік, контингенттің сақталуы, үздіктер, МАК бойынша сапа көрсеткіштері, түлектердің мансаптық өсуі мен жұмысқа орналасуын мониторингтеу;

2. Кадрлық құрам: профессор-оқытушылар құрамының сапалық құрамын, жарияланымдық белсенділік деңгейін және кәсіби дамуын талдау;

3. Ресурстық қамтамасыз ету: кітапхана қорының, IT-инфрақұрылымның және мамандандырылған кабинеттердің жеткіліктілігін бағалау;

4. Ғылыми-зерттеу қызметі: білім алушылардың стартаптарға, ғылыми жобаларға, конференциялар мен конкурстарға қатысуы.

Студенттердің үлгерімі мен жетістіктері туралы ақпарат жыл сайын кафедра есептерінде тіркеледі, ал білім алушыларды шығару Salem Office құжат айналымы арқылы барлық келісу және қол қою кезеңдерінен өтіп, бұйрық негізінде жүзеге асырылады.

6B02302 - «Филология», 7M02301 - «Филология», 8D02301 - «Филология» білім беру бағдарламасының басшылығы деректердің өлшенімділігін, сенімділігін және толықтығын қамтамасыз ететініне кепілдік береді. Ақпарат уақытылы жиналып, тоқсандық және жылдық мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді, бұл стратегиялық шешімдер қабылдауда субъективтілікті азайтады.

Білім беру бағдарламалары шеңберінде профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылар арасындағы үздіксіз өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін көпарналы кері байланыс жүйесі қалыптастырылған. Академиялық коммуникацияның негізгі платформасы – Platonus ақпараттық жүйесі, онда оқу жетістіктері тіркеліп, білім беру контентімен алмасу жүзеге асырылады. Сонымен қатар, корпоративтік электрондық пошта, WhatsApp және Telegram мессенджерлері, әлеуметтік желілер сияқты жедел байланыс арналары жұмыс істейді, бұл студенттерге нақты уақыт режимінде кеңес алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Өңделген ақпарат архивтеумен шектелмей, ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдірудің негізі ретінде қолданылады. Мысалы, оқыту әдістері мен аралық бақылау нәтижелері арасындағы өзара байланысты талдау силлабустарды жедел түзетуге мүмкіндік береді. Осылайша, бағдарламалар басшылығы шешімдерді тек нақты деректерге сүйене отырып қабылдайды: оқу траекториясын өзгерту немесе жаңа элективті пәндерді енгізу әрдайым статистикалық негіздеме мен мониторинг нәтижелеріне сүйенеді. Білім беру бағдарламалары аясында есептілікті жинау және талдау үдерісі қатаң регламенттелген және бекітілген иерархия мен мерзімділікке сәйкес жүзеге асырылады. Оперативтік басқару деңгейі ай сайынғы мониторинг арқылы қамтамасыз етіледі, оның барысында кафедра отырыстарында ағымдағы үлгерім, студенттердің оқу тәртібі және жоспарлы міндеттердің орындалуы талқыланады. Тактикалық бақылау әр семестрдегі есептер арқылы жүзеге асырылады. Басқару циклінің қорытынды кезеңі – университеттің Ғылыми кеңесі мен Оқу-әдістемелік кеңесінің отырыстарында ұсынылатын жылдық кешенді есеп болып табылады. Осылайша, ақпаратты басқарудың көпдеңгейлі жүйесі, профессор-оқытушылар құрамының халықаралық және ғылыми жобаларға белсенді қатысуы университетке білім беру бағдарламаларының өзектілігі мен мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Университетте оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік қызметіне ақпараттық қолдау ұйымдастырылған. Білім беру бағдарламаларының, пәндер мен курстардың сапасына қанағаттану деңгейі барлық

тұтынушылар мен стейкхолдерлер арасында жүргізілетін сауалнама және анкеталау арқылы бағаланады.

Тәжірибелік тексеру университеттің заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдар негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ететінін көрсетті. Университет магистранттары мен докоранттары тиісті ғылым салалары бойынша қажетті ақпаратпен қамтамасыз етілген: кітапханамен қатар электрондық ресурстар да қолжетімді.

Жалпы алғанда, университеттің ресми сайтында ұсынылған білім беру ресурстары мен білім алушыларды қолдау жүйелерінің қолжетімділігі қанағаттанарлық деңгейде.

Аналитикалық бөлімі

Университетте ақпаратты басқару үдерісі, соның ішінде оны жинау және талдау жүйесі енгізілген. Жиналатын ақпараттың құрылымы мен көлемі, дереккөздері, мерзімділігі, уақыт аралығы, сондай-ақ ақпараттың шынайылығы мен уақтылы берілуіне жауапты тұлғалар ішкі нормативтік құжаттармен айқындалады.

Регламенттелген рәсімдерге сәйкес университетте қызмет нәтижелілігін бағалау, мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асу деңгейін анықтау, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасын тұрақты түрде жетілдіру мүмкіндіктерін айқындау мақсатында деректерді жинау және талдау жүргізіледі. Бұл магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысты. Университет қызметі барысында жиналатын ақпарат, оның ішінде статистикалық өңдеу нәтижелері, есептер мен ішкі аудит қорытындылары негізінде талдамалық есептер дайындалып, нақты деректерге сүйене отырып басқарушылық шешімдер қабылданады.

Кері байланыс электрондық құжат айналымы, тұрақты сауалнамалар, жеке сұраныстар, өтініштер және қызметтік жазбалар арқылы жүзеге асырылады.

Ішкі аудитке, қабылданған шешімдердің нәтижелілігін жүйелі түрде қарастыруға, сондай-ақ бөлімшелер мен білім беру бағдарламалары қызметінің мониторингіне ерекше назар аударылады. Бұл мәселелер Ғылыми кеңес отырыстарында талқыланады. Білім беру қызметтерінің сапасына тұтынушылардың қанағаттану деңгейі туралы ақпарат көздері ретінде тұтынушылардың пікірлері, сауалнамалар, сұхбаттар және бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар пайдаланылады. Осы ақпарат көздерінен алынған мәліметтер университет басшылығы тарапынан талдау жүргізу және түзету шараларын қабылдау кезінде қолданылады.

Кафедраның басқарушылық құжаттамасын сақтау іс номенклатурасы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) сарапшылары білім беру ұйымы заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететінін атап өтеді. Университет жинап, талдайтын ақпарат білім алушылардың оқу үлгерімін және түлектердің жұмысқа орналасуын ескереді. Университеттегі ақпаратты басқару және есеп беру үдерістерін бағалау жеке тұлғаның зияткерлік, мәдени және адамгершілік тұрғыдан дамуына деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жұмыс берушілердің білікті мамандарға деген сұранысын өтеуге, сондай-ақ іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізуге негізделеді. Практика базаларын аралау және жұмыс берушілермен жүргізілген сұхбаттар білім беру бағдарламалары түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейінің жеткілікті жоғары екенін көрсетті.

Цифрлық трансформация жағдайында университет дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар сарапшыларға атқарылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті болып табылатын әртүрлі санаттар (талапкер, білім алушы, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкер және т.б.) бойынша дербес деректердің тізбесі ұсынылмады.

Жүргізілген талдау институт сайттарында соңғы ақпарат пен жаңалықтарды уақтылы жаңартып отыру қажеттігін көрсетті. (Мысалы, сайтта Д.Рысқұлбек ғылым магистрі ретінде көрсетілген, кафедра құжаттарында PhD т.б.). Аталған жайттар білім беру бағдарламасы басшысының қызметіне бақылауды күшейтуге, сондай-ақ білім беру бағдарламалары аясында ұсынылатын ақпараттың шынайылығы мен уақтылы берілуіне жауапты тұлғалардың жауапкершілігін арттыруға негіз болуы тиіс.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

ССК ұсынысы:

- Университет басшылығына *2026 жылғы 1 мамырға дейін* әртүрлі санаттар (талапкер, білім алушы, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкер және т.б.) бойынша атқарылатын міндеттерді орындау үшін қажетті әрі жеткілікті дербес деректердің тізбесін өзектендіру ұсынылады. Осы тізімді ескере отырып, білім алушылар мен қызметкерлердің дербес деректерін жинауға және өңдеуге берілетін Келісім нысанын жаңарту қажет.
- Филология институты сайттарында «6B02302 – Филология», «7M02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламалары бойынша соңғы ақпарат пен жаңалықтарды уақтылы жаңартып отыруды қамтамасыз ету қажет.

Мерзімі – 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін**.**

ССК қорытындысы: *«Ақпаратты басқару және есеп беру» стандарты бойынша 17 критерий ашылды, 17 критерий де қанағаттанарлық.*

6.3. Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»

● *ЖОО ББ әзірлеудің құжатталған рәсімінің болуын және оны институционалдық деңгейде бекітуді көрсетуі тиіс*

ЖОО әзірленген ББ белгіленген мақсаттарға және оқытудың жоспарланған нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуі тиіс

ББ басшылығы пәндер мен кәсіптік практикалардың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін айқындауы тиіс

ЖОО оқу нәтижелері мен жеке қасиеттерін қамтитын ББ түлегі моделінің болуын көрсете алады

ББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік нақты анықталуы, нақтылануы және QF-EHEA ҒСК-нің белгілі бір деңгейіне сәйкес келуі тиіс

ББ басшылығы кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесіне (ECTS) негізделген бағдарламаның модульдік құрылымын көрсетуі, оп, оның модульдерінің (мазмұны мен құрылымы бойынша) оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарлана отырып, қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс

ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұны мен оқу нәтижелерінің бір-біріне және оқу деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс

ББ басшылығы ББ сыртқы сараптамаларын жүргізуді көрсетуі тиіс

ББ басшылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс

ББ басшылығы ББҢ білім беру нарығында (өңірлік/ұлттық / халықаралық) орналасуын, оның бірегейлігін көрсетуі тиіс

Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады

Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен (-лар) және/немесе қос дипломды (-лар) ББ болуы маңызды фактор болып табылады

Дәлелдеу бөлімі

Жоғары оқу орнында білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеу және бекіту үдерісі институционалдық деңгейде реттеліп, тиісті нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілген. «6B02302 – Филология», «7M02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламалары университеттің академиялық бағдарламаларды әзірлеу және бекіту қағидаларына сәйкес дайындалады және Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттарына негізделеді. Бағдарламалар Ұлттық біліктілік шеңберінің 6–8 деңгейлері арасындағы сабақтастықты сақтай отырып жобаланады және QF-EHEA мен Дублин дескрипторлары талаптарына сәйкес келеді. Оқу үдерісі ECTS кредиттік жүйесіне негізделген.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту жұмысына профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылар, жұмыс берушілер және сыртқы сарапшылар қатысады. Олардың ұсыныстары элективті пәндер каталогын қалыптастыруға, оқу нәтижелерін еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіруге және практиканың мазмұнын жетілдіруге бағытталған. 2023–2025 жылдары кафедра отырыстары мен жұмыс берушілермен кездесулер нәтижесінде магистратура бағдарламасына «Академиялық жазылым», «Акмеология», «Тіл және мәдениетаралық коммуникация», «Тілдің нейробиологиялық негіздері», ал докторантура бағдарламасына «Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді коммерцияландыру», «Мәтінді лингвистикалық зерттеу аспектілері» сияқты пәндер енгізілді. Барлық өзгерістер кафедра хаттамаларымен рәсімделген.

ББ мақсаттары университеттің миссиясы мен стратегиялық даму жоспарына сәйкес анықталып, еңбек нарығына қажетті бәсекеге қабілетті маман даярлауға бағытталған. Оқу нәтижелері құзыреттілік тәсілге негізделіп, кәсіби, ғылыми-зерттеу, коммуникациялық және әлеуметтік-гуманитарлық құзыреттерді қалыптастыруды көздейді. Бұл құзыреттер педагогикалық, тілтанымдық және әдебиеттану пәндері, ғылыми зерттеу әдіснамасы, академиялық жазылым, кәсіби коммуникация және әлеуметтік-гуманитарлық модульдер арқылы қалыптастырылады.

Бағдарламалардың өзектілігін қамтамасыз ету мақсатында еңбек нарығының талаптары, жұмыс берушілердің ұсыныстары, білім алушылардың кері байланысы және сыртқы сараптама нәтижелері негізінде тұрақты жаңарту жүргізіледі. Кафедра отырыстарында пәндер мазмұны талданып, элективті пәндер каталогы жыл сайын шамамен 10–15% көлемінде жаңартылып отырады.

Оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқу, ғылыми-зерттеу, практикалық және халықаралық қызмет түрлері кешенді түрде ұйымдастырылады. Практикалар бейінді ұйымдарда өткізіледі, ал ғылыми жұмыстар магистрлік және докторлық зерттеулер арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламалардың құрылымы Еуропалық жоғары білім кеңістігінің талаптарына сәйкес келеді және академиялық ұтқырлықты дамытуға мүмкіндік береді.

Кредиттік жүйе талаптарына сәйкес оқу жүктемесі нақты регламенттелген: бакалавриат – 240 ECTS (4 жыл), магистратура – 120 ECTS (2 жыл), докторантура – 180 ECTS (3 жыл). Бір академиялық кредит 30 сағатқа тең, ал жылдық оқу жүктемесі орта есеппен 60 ECTS кредитті құрайды.

Магистранттар мен докоранттар ғылыми-зерттеу және академиялық жазылым бағытында қосымша сертификатталған курстардан өтеді. Қазіргі уақытта кафедрада қос дипломды бағдарламалар іске асырылмаған, алайда Түркияның Нийде Өмер Халисдемир университетімен бірлескен және қос дипломды бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша келіссөздер жүргізіліп жатқаны алға тартылды.

Аналитикалық бөлім

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша АРТА критерийлеріне сәйкестікке жүргізілген талдау нәтижесі жалпы алғанда аккредиттеліп отырған білім бағдарламаларының қанағаттанарлық деңгейде екенін анықтады.

Аккредиттелетін «6B02302 – Филология», «7M02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламаларының бірегейлігі бірнеше ерекшелікпен сипатталады. Біріншіден, бағдарламалар отандық еңбек нарығына бағытталған, «Спичрайтер-шешен» minor бағдарламасы енгізілген. Бұл жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша негізгі пәндерді толықтыратын элективті курстар деңгейінде көрініс тапқан. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларына сараптамалық пікірлер беріп, өзекті бағыттарды ұсынған. Екіншіден, бағдарламаларда қазіргі филологиялық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылым жетістіктері ескерілген: пәндер мазмұны тұрақты түрде жаңартылып отырады, зерттеулердің пәнаралық сипаты назарға алынады. Үшіншіден, білім беру бағдарламалары отандық білім беру жүйесінің даму стратегиясына, қазақ филологиясының ерекшеліктеріне бейімделіп, пәндер тізімі мен мазмұнында көрініс тапқан. Бірақ бұл ерекшеліктер осындай білім бағдарламасын дайындайтын өзге жоғары оқу орындарында да байқалады. Соған сай

ССК сарапшылары аккредитациядан өтетін білім беру бағдарламаларының бірегейлігі толық әрі нақты айқындалмағанын атайды. Сондықтан білім беру бағдарламаларының басшыларына осы бағдарламалардың бірегейлігін нақты анықтауға бағытталған жұмысты ұйымдастыруды ұсынады.

Сондай-ақ мамандандырылған аккредитация өткізу кезеңінде «6B02302 – Филология», «7M02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламалары бойынша шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен немесе қос дипломды бағдарламалар жүзеге асырылмағанын атап өткен жөн. Ал АРТА критерийлеріне сәйкес мұндай бірлескен немесе қос дипломды білім беру бағдарламаларының болуы маңызды фактор болып саналады. Осыған байланысты аталған критерий жетілдіруді қажет ететін деңгейде деп бағаланады.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

ССК ұсынысы:

- Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелері «6B02302 – Филология», «7M02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламаларының бірегейлігін айқындау бойынша іс-шаралар ұйымдастырып, оны толық және нақты айқындауға арналған әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз етуі тиіс. Іске асыру мерзімі – 2026 жылғы 1 ақпанға дейін.

ССК қорытындысы:

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша 12 критерий ашылды, 11 критерий – қанағаттанарлық, 1 критерий жақсартуды талап етеді.

6.4. Стандарт «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағасы»

● *ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, ББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуі тиіс*

ЖОО ББ мақсатына қол жеткізу және ББ тұрақты жетілдіру үшін ББ мониторингі мен мерзімді бағалауды жүргізудің құжатталған рәсімінің болуын көрсетуі тиіс

ББ мониторингі мен мерзімді бағалауды қарастыру керек:

белгілі бір пән бойынша ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері контекстіндегі бағдарламалардың мазмұны;

қоғамның және кәсіби ортаның қажеттіліктерінің өзгеруі;

білім алушылардың жүктемесі, үлгерімі және бітіруі;

білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі;

білім алушылардың қажеттіліктері мен қанағаттану дәрежесі;

білім беру ортасы мен қолдау қызметтерінің ББ мақсаттарына сәйкестігі

ББ басшылығы ББ өзгерістері туралы мәліметтерді жариялауға, мүдделі тұлғаларды ББ шеңберінде кез келген жоспарланған немесе қабылданған әрекеттер туралы хабардар етуге тиіс

Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін және олардың оқуды ұйымдастыруға, оқытуға, бағалауға, ББ игеруге қанағаттану дәрежесін анықтауы керек

Дәлелдеу бөлімі

6B02302 – «Филология», 7M02301 – «Филология», 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламалары «Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі» кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде талқыланып, Филология институтының әдістемелік бюросында қаралады және университеттің уәкілетті органдарында бекітіледі. Мысалы, 6B02302 – «Филология» бағдарламасы кафедраның ғылыми-әдістемелік семинарында қарастырылып, 26.02.2024 ж. №2 хаттамамен рәсімделген. Бағдарламалар кезең-кезеңімен кафедра, институт және университет деңгейінде мақұлданып, бекітіледі.

Білім беру бағдарламаларын қайта қарау университеттің академиялық саясатына, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жаңарту және жабу қағидаларына, оқу-әдістемелік

жұмыс туралы ережеге және ішкі сапа стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Бағдарламалар жыл сайын оқу жоспарлары мен пәндердің силлабустарын жаңарту арқылы, сондай-ақ мазмұнын кешенді түрде қайта қарау негізінде жетілдіріледі. Сонымен қатар мемлекеттік стандарттардың, кәсіби стандарттардың өзгеруі, еңбек нарығындағы жаңа талаптар, аккредиттеу агенттіктерінің ұсынымдары немесе стейкхолдерлердің ұсыныстары болған жағдайда жоспардан тыс өзгерістер енгізіледі.

Еңбек нарығындағы талаптар бағдарламаларды жетілдіру барысында ескеріледі. Мысалы, сарапшылар бағдарламаның пәндік мазмұны қазақ тілі мен әдебиетін терең меңгеруге бағытталғанын атап өтеді. Сонымен қатар халықаралық тәжірибе негізінде пәндер жүйесі салыстырылып, жетілдіріледі. Жұмыс берушілердің ұсыныстары да ескеріледі, мысалы, «Функционалды грамматика» пәнін «Функционалды лингвистика» деп атау жөніндегі ұсыныс бағдарлама мазмұнын кеңейту мақсатында қарастырылған.

Бағдарламаларды қайта қарау үдерісіне кафедралар, академиялық комитеттер, институт және университет деңгейіндегі құрылымдар қатысады. Алдымен ұсыныстар кафедрада әзірленіп, академиялық комитетте талқыланады, кейін институттың әдістемелік кеңесінде мақұлданып, университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесінде бекітіледі. Елеулі өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен қабылданады. Университет еңбек нарығының талаптарын, жұмыс берушілердің ұсыныстарын және қоғамның сұранысын ескере отырып, бағдарламаларды жүйелі түрде жетілдіреді. Бұл түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Бағдарламалар мазмұны ғылымның дамуына, қоғам мен еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес жыл сайын жаңартылып отырады. Өзгерістер пәндер тізбесін өзектендіру, оқу нәтижелерін нақтылау, элективті пәндер каталогын жаңарту және практикалық компонентті күшейту арқылы енгізіледі. Өзгерістерді анықтау үшін SWOT-талдау, сауалнамалар, еңбек нарығы деректері және жұмыс берушілердің ұсыныстары пайдаланылады.

Білім беру бағдарламаларының мониторингі жүйелі түрде жүргізіледі. Жыл сайын ағымдағы мониторинг, ал 3–5 жыл аралығында кешенді бағалау жүзеге асырылады. Бағалау барысында білім алушылардың оқу жетістіктері, оқу нәтижелерінің қалыптасуы, түлектердің жұмысқа орналасуы, жұмыс берушілер мен студенттердің қанағаттану деңгейі талданады. Мониторинг кафедра, институт және университет деңгейінде жүзеге асырылады, ал нәтижелері академиялық сапа жөніндегі комитеттерде қаралып, тиісті шешімдер қабылданады.

Практика нәтижелері бойынша студенттердің қанағаттану деңгейі есептер, сауалнамалар және практика жетекшілерінің пікірлері арқылы бағаланады. Бұл деректер практика базаларын жетілдіруге және практикалық даярлықты күшейтуге мүмкіндік береді. Практика бағдарламалары кәсіби стандарттар мен оқу нәтижелеріне сәйкес әзірленіп, студенттердің болашақ кәсіби қызметіне бейімделуін қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуі емтихан нәтижелері, қорытынды аттестаттау, практикалар, дипломдық жұмыстар және жобалар арқылы бағаланады. Нәтижелер кафедра, институт және университеттің ғылыми-әдістемелік кеңестерінде қаралады. Студенттерге академиялық қолдау көрсету үшін эдвайзерлік жүйе жұмыс істейді. Студенттер пәндерді таңдау, оқу траекториясын қалыптастыру, емтихан ережелері, академиялық саясат, оқу ақысына жеңілдіктер және дипломдық жұмысты жазу талаптары туралы ақпарат алады. Бұл білім беру бағдарламасын толық әрі сапалы меңгеруге мүмкіндік береді.

Бағдарламалар туралы ақпарат университеттің ресми сайтында, LMS және корпоративтік ақпараттық жүйелерде жарияланады. Барлық өзгерістер хаттамалар арқылы бекітіліп, мүдделі тараптарға университет сайттары, корпоративтік пошта, ақпараттық жүйелер және әлеуметтік желілер арқылы жеткізіледі. Бұл ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Студенттердің қажеттіліктері мен қанағаттану деңгейін анықтау үшін тұрақты түрде сауалнамалар, фокус-топтар және эдвайзерлік кездесулер өткізіледі. Сонымен қатар университеттің Кәсіби тәжірибе және мансап бөлімі жұмыс берушілермен кездесулер мен «Бос орындар жәрмеңкесі» сияқты іс-шаралар ұйымдастырады. Бұл студенттердің кәсіби тәжірибе жинақтауына және жұмысқа орналасуына ықпал етеді.

Білім беру бағдарламаларын жетілдірудің маңызды тетіктерінің бірі – профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру. Осы мақсатта университетте «Жазғы мектеп» аясында оқу контентін жобалау, бағалау критерийлерін әзірлеу және силлабус дайындау бойынша арнайы модульдер өткізіледі.

Университетте білім беру бағдарламалары бойынша көпдеңгейлі мониторинг жүйесі қалыптасқан. Оның аясында түлектердің оқу тәжірибесіне қанағаттануын талдау, жұмыс берушілердің түлектердің кәсіби деңгейіне қанағаттануы, академиялық қызметкерлердің жұмыс жағдайына қанағаттануы, «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы және академиялық ұтқырлыққа қанағаттану сияқты зерттеулер жүргізіледі.

Бағдарламаларды кезеңдік бағалау академиялық комитет отырыстарында жүзеге асырылады. Бұл үдеріс элективті пәндер каталогын жыл сайын қайта қарауды және білім беру бағдарламаларын тәжірибелі мамандар мен стейкхолдерлердің сыртқы сараптамасынан өткізуді қамтиды. Осы талдаулар негізінде білім беру бағдарламаларын жетілдіруге бағытталған нақты шешімдер қабылданады.

Аналитикалық бөлім

Білім беру бағдарламаларын (ББ) мониторингілеу және бағалау үдерісі жүйелі және кезеңді түрде жүргізілетіндігін атай отырып, ССК сарапшылары «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағасы» стандарты талаптарының қанағаттандырылатынын көрсетеді. ББ-ны жүзеге асыруға байланысты барлық үдерістер, оқушылардың оқу прогресін бақылау, курстар мен пәндердің логикалық реттілігінің айқын белгіленуі құжаттандырылған. Сыртқы өзгерістерді талдау мақсатында түлектер мен әлеуетті жұмыс берушілер арасында еңбек нарығында ББ мониторингі жүргізіледі, ол сұхбаттар мен сауалнама формасында жүзеге асырылады. ББ мақсаттарына қол жеткізу үшін әртүрлі мониторинг әдістері қолданылады: сауалнама, ашық сабақтар, бір-бірін бақылау, тиісті бөлімдердің бақылауы, бағдарламаның сыртқы стейкхолдерлер арқылы сараптамасы. Сонымен қатар, ББ мақсаттарына жетуге шетелдік танымал ғалымдарды лекция оқуға шақыру, профессор-оқытушылар құрамы мен ББ жетекшілері үшін курстар мен семинарлар ұйымдастыру да ықпал етеді. ББ мақсаттарының орындалғанын түлектердің еңбек нарығында жоғары жұмысқа орналасу көрсеткіші дәлелдейді. Сыртқы сараптама комиссиясы ББ әзірлеу барысында әзірлеушілер мемлекет пен қоғамның қажеттіліктерін ескеретінін атап өтеді.

Сұхбаттасу барысында 6B02302 – «Филология», 7M02301 – «Филология», 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасының мақсаты мен оқу нәтижелеріне қол жеткізуді талдаудың негізгі критерийлер мен форматы, ББ мазмұнын сыртқы сараптауда сарапшыларға қойылатын талаптардың нақтыланбағаны байқалды.

Университетте «Академиялық сапаны қамтамасыз етуді мониторингтеу жөніндегі нұсқаулық» әзірленіп, енгізілген, онда білім беру бағдарламаларын бағалау критерийлері егжей-тегжейлі көрсетілген. Сарапшылардың сапарында барлық білім беру бағдарламалары бойынша жүргізілген мониторингтің нәтижелері көрсетілді. Дегенмен, алынған нәтижелер университет басшылығының қарауына ұсынылмағаны және коллегиялық басқару органдарының отырыстарында талқыланбағаны анықталды. Бұл мониторинг нәтижелерін басқарушылық шешім қабылдау процесінде және білім беру бағдарламаларын жетілдіруде пайдалану тәжірибесін күшейту қажеттілігін көрсетеді.

Университет студенттердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейту және бағдарламалардың мазмұнын өзектендіру үшін жаңа оқу пәндері мен Minor

бағдарламаларын әзірлеу және енгізуде белсенділік танытып отыр. Алайда сарапшылар енгізілген жаңалықтардың тиімділігін кейіннен бағалау жүргізілмегенін атап өтті, яғни олардың студенттер мен жұмыс берушілер үшін қаншалықты сұранысқа ие екеніне, өзектілігі мен маңыздылығына талдау жасалмаған. Сондықтан жаңа пәндер мен Minor бағдарламаларының енгізілу нәтижелерін жүйелі түрде мониторингтеу және бағалау тәжірибесін күшейту қажет.

Академиялық қауымдастық өкілдерімен жүргізілген сұхбат барысында білім беру бағдарламаларына енгізіліп жатқан өзгерістер туралы мүдделі тараптарды хабардар ету ішінара ғана жүзеге асырылып жатқаны анықталды. Университеттің ресми сайтында орналастырылған ақпарат та тек бір бөлігін ғана қамтиды. Бұл жағдай білім беру бағдарламаларына енгізілетін өзгерістерді ақпараттық тұрғыда жүйелі түрде қамтамасыз ету тәсілі жоқ екендігін көрсетеді.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

ССК ұсынысы:

- Университет басшылығына *2026 жылғы 30 мамырға дейін* білім беру бағдарламаларының сапасын мониторингтеу нәтижелерін коллегиялық органдарда қарастырып, олардың әрі қарай дамуы мен жетілдірілуі бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.
- *2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін* аккредиттелетін білім беру бағдарламалары аясында енгізілген жаңа пәндер мен Minor бағдарламаларының тиімділігі мен сұранысын бағалау жүргізуді ұсынады. Студенттердің сауалнамалары мен жұмыс берушілермен кеңесу нәтижелерін талдау негізінде қолданыстағы Minor бағдарламаларының мазмұнын түзету немесе өзектілігін жойған бағыттарды ауыстыру бойынша ұсыныстар дайындау қажет.
- Білім беру бағдарламасының жетекшілері бағдарламадағы өзгерістер туралы ақпаратты жариялап, мүдделі тұлғаларды кез келген жоспарланған немесе атқарылған шаралар туралы хабардар етуі тиіс.
- Білім беру бағдарламасының мақсаты мен оқу нәтижелеріне қол жеткізуді талдау үшін негізгі критерийлер мен форматты, сондай-ақ бағдарламаның сыртқы сарапшыларына қойылатын талаптарды нақты көрсететін әдістемелік нұсқаулық әзірлеу. Орындау мерзімі – 2026–2027 оқу жылының басына дейін.

ССК қорытындысы:

«Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағасы» стандарты бойынша 10 критерий ашылды, 10 критерий де қанағаттанарлық.

6.5. Стандарт «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгірімді бағалау»

ББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды, оларға оқытудың икемді траекторияларын ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс

ББ басшылығы даярлау бағыты саласындағы әлемдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде оқытуды, ББ мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мен оқыту нәтижелерін бағалаудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалануды, оның ішінде құзыреттерді, ғылыми жұмысты қажетті деңгейде орындау дағдыларын қамтамасыз етуге тиіс

ББ басшылығы ББ шеңберінде білім алушылардың оқу жүктемесін теория мен практика арасында бөлу, әрбір бітірушінің ББ мазмұны мен мақсаттарына қол жеткізуді игеруді қамтамасыз ету тетіктерін айқындауға тиіс

ББ пәндерін оқыту әдістемесі саласында өз зерттеулерінің болуы маңызды фактор болып табылады

ЖОО оқу нәтижелерін бағалау рәсімдерінің ББ жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс

ЖОО ББ оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің жүйелілігін, ашықтығы мен объективтілігін, бағалау критерийлері мен әдістерін алдын ала жариялауды қамтамасыз етуі тиіс

Бағалаушылар оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін білуі және осы салада үнемі біліктілігін арттыруы керек

ББ басшылығы оқыту мен оқыту нәтижелерін бағалаудың түрлі әдістемелерін пайдалану бойынша кері байланыс жүйесінің бар екендігін көрсетуі тиіс

ББ басшылығы оқытушы тарапынан бір мезгілде басшылық пен көмек көрсету кезінде білім алушылардың дербестігін қолдауды көрсетуі тиіс

ББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің бар жоғын көрсетуі тиіс

Дәлелдеу бөлімі

Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы 6В02302 – Филология, 7М02301 – Филология, 8D02301 – Филология білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде білім береді. Білім алушыларға сапалы білім алу үшін жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы сабақ жүргізеді. Кафедра білім алушылардың академиялық дамуына жағдай жасап, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын жүзеге асырады. Студенттер шетелдік университеттерде білім алу мүмкіндігіне ие болса, шетелдік магистранттар да кафедрада білім алады. Бағдарламаға қатысушылардың қанағаттану деңгейі сауалнама арқылы анықталады.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде студенттердің қажеттіліктері мен ұсыныстары ескеріледі. Бұл сауалнамалар, кері байланыс, эдвайзерлік жүйе және бағдарламалық комитеттердің жұмысы арқылы жүзеге асырылады. Студенттер оқу траекториясын қалыптастыру барысында элективті пәндерді, минор курстарды, практикалық базаларды және академиялық ұтқырлық бағдарламаларын таңдай алады.

Филология бағдарламалары бойынша студенттер А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында, Мемлекеттік тілді дамыту институтында және тіл орталықтарында практикадан өтеді. Практика нәтижелері қорытынды конференцияларда ұсынылады.

Оқу үдерісінде нәтижеге бағытталған білім беру (Outcome-Based Education), құзыреттілік тәсіл, жобалық және зерттеуге негізделген оқыту, кейс-стади, портфолио және практикалық тапсырмалар кеңінен қолданылады. Ғылыми-зерттеу дағдылары өздік жұмыстар, практикалар және бітіру жұмыстары арқылы қалыптастырылады.

Студенттердің ғылыми белсенділігін арттыру мақсатында «Ғылымға қадам» жас зерттеушілер мектебі және «Smart-PhiloloG» ғылыми үйірмесі жұмыс істейді. Бұл ұйымдар ғылыми семинарлар, тренингтер, кездесулер ұйымдастырып, студенттерді ғылыми зерттеуге баулиды.

Магистратура бағдарламасы терең теориялық білім беруге, зерттеу мәдениетін, академиялық жазылымды және заманауи лингвистикалық әдістерді меңгеруге бағытталған. Докторантурада зерттеуге негізделген оқыту жүзеге асырылады, докоранттар ғылыми жобаларға қатысып, ғылыми нәтижелерді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алады.

Бағалау жүйесі академиялық әділдік, ашықтық және объективтілік қағидаттарына негізделген. Бағалау критерийлері мен тапсырмалар силлабустарда көрсетіліп, студенттерге алдын ала таныстырылады. Студенттердің бағалауға қатысты апелляция жасау құқығы университет ережелерімен бекітілген.

Білім алушылардың оқу жетістіктері GPA көрсеткіштері, пәндер бойынша үлгерім, практикалардың нәтижелері және қорытынды аттестаттау арқылы жүйелі түрде бақылауда болады. Бұл мәліметтер кафедра мен институт деңгейінде талданып, білім беру бағдарламасын жетілдіруге негіз болады.

Оқытушылардың кәсіби дамуы біліктілікті арттыру курстары, әдістемелік семинарлар, ашық сабақтар және академиялық ұтқырлық арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар оқытушылардың ғылыми еңбектері, электрондық оқулықтары мен оқу құралдары оқу үдерісінде кеңінен қолданылады.

Студенттердің пікірлері мен қанағаттану деңгейі сауалнамалар арқылы зерттеледі. Оқу барысында туындайтын мәселелер эдвайзерлер, кафедра, институт және университет

деңгейінде қарастырылады. Университетте студенттерге қызмет көрсету орталығы және психологиялық қолдау қызметтері жұмыс істейді.

Аналитикалық бөлім

«Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгірімді бағалау» стандарты бойынша АРТА критерийлеріне сәйкестігін талдау нәтижесінде сәйкестік жалпы алғанда қанағаттанарлық деңгейде екенін атап өтуге болады.

Сыртқы сараптау комиссиясының мүшелері профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттырудың негізгі формалары ретінде біліктілікті арттыру курстары мен тағылымдамаларды көрсетіп, білім беру бағдарламасы оқытушыларының әртүрлі платформаларда белсенді білім алуын атап өтті.

Білім алушылардың білім, білік және дағдыларды табысты меңгеруі үшін білім беру бағдарламасының басшылығы нәтижеге бағытталған білім беру (Outcome-Based Education), құзыреттілік тәсіл, жобалық және зерттеуге негізделген оқыту, кейс-стади, портфолио және практикалық тапсырмаларды кеңінен қолданатынын көрсетті. Бұл тәсілдер магистранттар мен докоранттарды оқу үдерісінде белсенді болуға ынталандырады.

Сонымен қатар аккредиттеліп отырған білім беру бағдарламалары пәндерін оқыту әдістемесі бойынша жеке ғылыми зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады. Тексеру барысында профессор-оқытушылар құрамының өзіндік (түпнұсқа) әдістемесінің оқу үдерісінде қолданылуын Ж.К.Отарбекованың “Қазіргі қазақ тілі морфологиясын Блум таксономиясына негізделген сабақтар” (2019) атты оқу құралы мен оған алынған авторлық куәлік негізінде растады. Бітіртуші кафедра профессор-оқытушыларының жалпы санына шаққанда бұл өте аз көрсеткішті құрайды. Сондықтан бұл жағдайды жетілдіру қажет.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

ССК ұсынысы:

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының «6B02302 - Филология», «7M02301 - Филология», «8D02301 - Филология» білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында қолданылатын авторлық әдістемесін жетілдіру жоспарын әзірлеу. Мерзімі – 2026 жылғы 01 қыркүйекке дейін.

ССК қорытындысы:

«Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгірімді бағалау» стандарты бойынша 10 критерий ашылды, 10 критерий де қанағаттанарлық.

6.6. Стандарт «Білім алушылар»

ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және білім алушылардың өмірлік циклін (түсуден бастап аяқтауға дейін)реттейтін рәсімдердің ашықтығын, жариялануын қамтамасыз етуі тиіс

ББ басшылығы жаңа ғана оқуға түскен және шетелдік білім алушылар үшін бейімдеу мен қолдаудың арнайы бағдарламаларын жүргізуді көздеуге тиіс

ЖОО өз іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығының нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, ресми және бейресми оқыту нәтижелерін тану жөніндегі тетіктің болуы мен қолданылуын көрсетуі тиіс

ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс

ЖОО білім алушыларды негізгі бағдарламадан (оқудан тыс қызметтен) тыс өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға ынталандыруы тиіс

Дарынды білім алушыларды қолдау тетігінің болуы маңызды фактор болып табылады

Жоғары оқу орны біліктілікті салыстырмалы түрде тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және «Академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі Ұлттық ақпараттық

орталықтардың Еуропалық желісі/Ұлттық академиялық тану ақпараттық орталықтары» ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтастықты көрсетуі тиіс

ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуі тиіс

ЖОО түлектерге алған біліктілігін растайтын құжаттарды, соның ішінде қол жеткізілген оқу нәтижелерін беру рәсімін көрсетуі тиіс

ББ басшылығы бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылары бар екенін және бұл дағдылардың шынымен де өзекті екенін көрсетуі керек

ББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуына және кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс

Маңызды фактор-қолданыстағы түлектер қауымдастығының/бірлестігінің болуы

Дәлелдеу бөлімі

Университетте білім алушылар контингентін қалыптастыру саясаты ашық және стратегиялық түрде жүзеге асырылады. Бұл саясат университеттің миссиясы мен білім беру бағдарламаларының мақсаттарына сәйкес жүргізіліп, талапкерлердің академиялық қабілеті мен кәсіби әлеуетін ескеруге бағытталған. Контингентті қалыптастыру үдерісі университеттің қабылдау, аттестаттау және академиялық көшуге қатысты ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі. Барлық қабылдау талаптары, GPA көрсеткіштері және академиялық рәсімдер университеттің ресми сайтында жарияланып, студенттерге толық түсіндіріледі.

Білім алушылардың өмірлік циклі қабылдаудан бастап диплом алғанға дейін академиялық саясатқа сәйкес ұйымдастырылады. Университет талапкерлерді тарту мақсатында ашық есік күндерін, мектептерде кәсіби бағдар беру кездесулерін және халықаралық білім көрмелерін өткізеді. Мысалы, университет халықаралық білім көрмелеріне қатысып, талапкерлерге білім беру мүмкіндіктерін таныстырады.

Студенттердің университет өміріне тез бейімделуі үшін бейімдеу апталығы өткізіліп, академиялық, әлеуметтік және мәдени бейімдеу бағдарламалары жүзеге асырылады. Кіріспе курстар барысында студенттер оқу үдерісі, академиялық талаптар, университеттің электрондық платформалары мен білім беру ресурстарымен таныстырылады. Шетелдік студенттерге тілдік қолдау, мәдени бағдарлау және қосымша консультациялар ұйымдастырылады.

Университетте ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламалары белсенді жүзеге асырылады. Студенттер шетелдік және отандық университеттерде білім алып, алған кредиттері мен оқу нәтижелері Лиссабон конвенциясы қағидаттарына сәйкес танылып, оқу жоспарына енгізіледі. Бұл үдеріс университеттің академиялық ұтқырлық және кредиттерді қайта есептеу ережелерімен реттеледі.

Студенттердің академиялық және ғылыми белсенділігін дамыту мақсатында түрлі ғылыми конференциялар, форумдар және байқаулар өткізіледі. Білім алушылар республикалық және халықаралық ғылыми жобалар мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді. Магистранттар мен докоранттар шетелдік ғылыми тағылымдамалардан өтіп, халықаралық ғылыми ортада тәжірибе жинақтайды.

Университет студенттердің әлеуметтік және тұлғалық дамуына да ерекше көңіл бөледі. Осы мақсатта жастар ұйымдары, клубтар, волонтерлік қозғалыстар және студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары жұмыс істейді. Бұл ұйымдар студенттердің көшбасшылық, коммуникациялық және әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Дарынды студенттер ғылыми конференцияларға қатысу, олимпиадаларға дайындық, әлеуметтік қолдау және жатақхана орындарымен қамтамасыз ету арқылы қолдау табады. Университетте студенттердің шығармашылық және спорттық дамуына арналған инфрақұрылым мен ақпараттық ресурстар да қарастырылған.

Білім алушылар оқу, өндірістік және ғылыми-зерттеу практикаларынан өтеді. Практикалар студенттердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған және жетекші ғылыми мекемелер мен ұйымдарда өткізіледі. ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен

байланысты қолдау рәсімі жақсы жолға қойылған. Практика базаларын аралау кезінде практиканттармен жүргізілген сұхбат мұны дәлелдейді. 6В02302-Филология, 7М02301-Филология, 8D02301-Филология білім бағдарламаларының өндірістік практика базаларын аралау барысында мына жағдайлар анықталды: 1) А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының фонетика, лексикология, қолданбалы лингвистика, этнолингвистика, компьютерлік лингвистика бөлімдерінде әр практикант (бакалавриат, магистратура, докторантура) ғылыми-зерттеу институтының жоспарлы жұмыстарының эмпирикалық бөліміне қажетті мәліметтер жинау, жинаған материалдарды өңдеу, терілген мәтіннің орфографиялық, пунктуациялық қателерін түзеу, тілдік таңбаларды санмен сәйкестеу, қолжазбаларды компьютерге теру, қазақ тілінің ұлттық ішкорпусына ғылыми мәтіндер жинақтау, құрамында кірме сөздері бар сөйлемдерді теру, дыбыс жазбаларынан кірме сөз қолданылған сөйлемдерді жинақтау, қазақтың ұлттық мәдениетін шетелге таныту мақсатындағы мәтіндерді А1, А2, В 1, В 2, С1, С2 деңгейлеріне бейімдеу т.с.с. тапсырмаларды орындайды. Бұл тапсырмалар практиканттардың кәсіби дағдыларын, құзыреттіліктерін қалыптастыруға Білім бағдарламаларының мазмұнында белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізуге жағдай жасайды. Магистранттар мен докоранттарға өздерінің ғылыми-зерттеу тақырыптарына сай жетекші ғалымдар кеңес беріп, бірлескен мақалалар дайындайды, ғылыми конференциялар мен түрлі семинарларға қатысады. 2) Мемлекеттік тілді дамыту институтында ұйымдастырылатын практикада практиканттар институттың ғылыми жоба тақырыптарына және өздерінің диссертация тақырыптарына қатысты материалдар жинап, оларға талдау жасайды. Практика кезінде дайындаған ғылыми мақалалары негізінде аталған институтта екі ғылыми жинақ жарияланған.

Практикада өздерінің жоғары қабілетін танытқан түлектерді жұмысқа қабылдаған. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында аккредиттеліп отырған білім бағдарламасын бітірген екі түлек жұмысқа қабылданған.

Студенттердің оқу нәтижелері мен біліктіліктерін растайтын құжаттарды беру рәсімі университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі. Университет түлектерінің еңбек нарығындағы сұранысын тұрақты түрде талдап, жұмыс берушілердің кері байланысы негізінде білім беру бағдарламаларын жетілдіріп отырады. 2025 жылғы деректер бойынша бакалавриат түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші 100 пайызды құраған.

Аналитикалық бөлім

«Білім алушылар» стандарты бойынша АРТА критерийлеріне сәйкестігін талдау нәтижесінде оның деңгейін қанағаттанарлық деп бағалауға болады. Сыртқы сараптау комиссиясы білім беру бағдарламасы түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары екенін растады.

Сапар барысында университетте түлектермен бейресми ынтымақтастықтың тұрақты тәжірибесі қалыптасқаны анықталды: олармен тұрақты байланыс орнатылған, білім сапасы туралы оң пікірлер тіркелген, көптеген түлектер жұмыс берушілер мен практика базаларының жетекшілері ретінде білім беру үдерісіне белсенді қатысады. Сонымен қатар, бұл қызмет жүйелі түрде институционалдық негізде ұйымдастырылмағаны және фрагменттік сипатта жүзеге асырылатыны анықталды. Түлектер қауымдастығының қызметін ресми түрде қалыптастыру университет пен түлектер арасындағы өзара әрекеттестікті жаңа деңгейге көтеріп, білім беру бағдарламаларын дамытуға қосымша мүмкіндік беріп, түлектердің университетті басқару үдерісіне қатысуын кеңейтуге ықпал етеді.

ССК мүшелері түлектерді жұмыс беруші ретінде тартудың тиімді тәжірибесін атап өтті. Аккредиттеліп отырған білім беру бағдарламасы аясында білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту үшін жағдай жасалған, бірқатар шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы келісімдер жасалған. Халықаралық ынтымақтастық аясында сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы сәтті жүзеге асырылған: 2022-2023 оқу жылында 6В02302 - Филология ББББ студенттері Қанлиева Аяжан, Асанқызы Аружан,

Жылқыбай Ақниет Нийде Өмер Халисдемир университетінде академиялық ұтқырлық бойынша білім алып келген. 2023-2024 оқу жылында 6В02302 - Филология БББ студенттері Абдықалықова Ақерке, Баяхмет Гүлім, Каирбекова Диана Нийде Өмер Халисдемир университетінде академиялық ұтқырлық бойынша білім алып келсе. 2021-2022 оқу жылында Нийде Өмер Халисдемир университетінен сыртқы ұтқырлық бағдарламасы бойынша Севда Гокмен, Фуркан Северлар, Алпер Туфан Дегірменчі келсе, 2022-2023 оқу жылында Месут Сонмез, 2023-2024 оқу жылында Тұилұ Гөксу Нұр 6В02302 филология ББ-на оқуға келген. Алайда СКК мүшелері білім алушылардың академиялық ұтқырлығы көрсеткіштерінің динамикасы төмен екенін атап өтті.

Сонымен қатар «8D02301 - Филология» білім беру бағдарламасының докоранттары Түркия университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өтеді. Докоранттардың шетелдік тағылымдамаларының нәтижелілігін бағалау критерийін нақтылау ұсынылады.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін мықты жағына жатқызамыз.

ССК ұсынысы:

- Университет басшылығына *2027 жылғы 1 қаңтарға дейін* Түлектер қауымдастығы туралы ережені әзірлеп, бекіту, оның құрылымы мен қызмет бағыттарын анықтау ұсынылады. Қауымдастықтың жұмыс жоспарын қалыптастырып, бекітіп және жүзеге асыру, сондай-ақ түлектердің білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысуын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар Қауымдастық қызметі туралы ақпаратты университеттің ресми сайтында орналастыру және оның өкілдерін университеттің алқалы басқару органдарының (Ғылыми кеңес, академиялық комитеттер) құрамына енгізу арқылы қабылданатын шешімдерге нақты ықпал ету мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

- ББ басшылығына ғылыми тағылымдамалардың нәтижелілігін бағалау критерийлерін әзірлеу ұсынылады. Бұл критерийлер ғылымның өзекті даму үрдістерін анықтауға, диссертациялық зерттеулердің сапасын арттыруға және есептік құжаттаманы жетілдіруге бағытталуы тиіс. Мерзімі – *2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін.*

ССК қорытындысы:

«Білім алушылар» стандарты бойынша 12 критерий ашылды, 1 критерий – күшті, 10 критерий қанағаттанарлық, 1 критерий жақсартуды талап етеді.

6.7. Стандарт «Профессорлық-оқытушы құрамы»

ЖОО-да бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін қызметкерлерді жалдау (оның ішінде шақырылған ПОҚ), кәсіби өсу және дамытуды қамтитын ББ бөлінісінде объективті және ашық кадр саясаты болуы тиіс

ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, ББ мақсаттарына сәйкестігін көрсетуі тиіс

ББ басшылығы студенттік орталықтандырылған оқыту мен оқытуға көшуге байланысты оқытушының рөлінің өзгеруін көрсетуі керек

ЖОО ПОҚ, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беруі тиіс

ЖОО ББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттіліктері бар тиісті салалардың мамандарын оқытуға тартуы тиіс

ЖОО ПОҚ ның кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс

ЖОО білім беру процесінде (мысалы, on-line оқыту, e-портфолио, MOOCs және т. б.) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдардың ПОҚ кеңінен қолданылуын көрсетуі тиіс

ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағытталғандығын көрсетуі тиіс

ЖОО әрбір оқытушының ЖОО-да сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерілетуге тартылуын көрсетуі, ПОҚ, оның ішінде шақырылғандардың ББ мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін айқындауы тиіс

ПОҚ өңір мен елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға тартылуы маңызды фактор болып табылады

Дәлелдеу бөлімі

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын іске асыруда профессор-оқытушылар құрамы негізгі рөл атқарады. Университет ПОҚ сапасына, олардың кәсіби тиімді қызмет етуіне және білім алушылардың құзыреттерін, дербестігін, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға жауап береді. Осыған сәйкес университетте қызметкерлерді қабылдау, тағайындау, қызметтік өсіру және жұмыстан босату рәсімдері ашық әрі объективті қағидаттармен реттеледі.

Кадр саясаты университеттің даму стратегиясына, білім беру бағдарламаларының мақсаттарына және академиялық стандарттарға сай жүзеге асырылады. ПОҚ құрамын іріктеу оқу бағдарламасының мазмұнына, студенттер контингентіне, еңбек нарығы сұранысына және қажетті кәсіби құзыреттерге сәйкес жүргізіледі. Лауазымдарға тағайындау конкурстық негізде іске асырылады.

Білім беру бағдарламалары бойынша сабақ беретін оқытушылардың ғылыми және педагогикалық әлеуеті жоғары. 2025–2026 оқу жылында 6В02302 – Филология бағдарламасында ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, PhD докторлар және магистр-оқытушылар жұмыс істейді. Кафедраның ғылыми әлеуеті соңғы жылдары тұрақты жоғары деңгейде сақталып отыр. Сонымен қатар кафедраның 7 оқытушысы «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегері атанған.

2021-2025 жылдар аралығында кафедраның профессор-оқытушылар құрамы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын 6 гранттық ғылыми жоба ұтқан және ол жобалар сәтті игеріліп, нәтижесінде жарияланған ғылыми өнімдер білім беру бағдарламаларын меңгертуде оқу үдерісіне енгізілген.

Докторантура түлектерінің саны - 18 адам, олардың 11-і диссертацияларын қорғаған. Тағы 5 адам қорғауға құжаттарын тапсырған. Докторантураны аяқтағаннан кейінгі қорғау үлесі 55% құрайды. Бұл көрсеткіштер ғылыми кеңесшілер мен диссертацияларды сараптау және қорғауға жіберу жұмыстарын жүргізетін профессор-оқытушылар құрамының жоғары ғылыми құзыреттілігін көрсетеді. Осы деректер негізінде диссертациялық кеңестің қызметін де оң бағалауға болады.

Университет оқытушының дәстүрлі білім беруші рөлінен фасилитатор, ментор және академиялық кеңесші рөліне көшуін қолдайды. ПОҚ студенттердің белсенді оқуын ынталандырып, олардың жеке білім беру траекториясын бақылауға және оқу нәтижелерін жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізеді.

ПОҚ-тың кәсіби дамуына жағдай жасалған: университетте біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, тренингтер, ғылыми жобалар мен тағылымдамалар жүйелі түрде ұйымдастырылады. Кафедра оқытушылары мен жас ғалымдары ғылыми жобаларға белсенді қатысып, халықаралық тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін пайдаланады. Ғылыми жобалар аясында оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілген.

Кафедраның ғылыми-зерттеу қызметі нәтижелі. Соңғы бес жылда Scopus, Web of Science, КОКСОН және басқа ғылыми басылымдарда елеулі көлемде мақалалар жарияланған, авторлық куәліктер алынған, монографиялар мен оқу құралдары жарық көрген.

ПОҚ-тың соңғы 5 жылдағы ғылыми зерттеу жұмыстарының көрсеткіштері:

Жарияланымдар	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Барлық саны
1.Scopus жарияланымы	8	6	6	9	5	9	43
2. Web of Science жарияланымы	4	1	3	1	2	1	12
3.КОКСОНВО	43	15	23	19	23	24	146
4. Басқа ғылыми мақалалар	18	9	18	15	18	9	87
5.Қорғау құжаттары (патент, авторлық куәлік)	2	3	7	4	3	5	24

Бұл көрсеткіштер ПОҚ-тың ғылыми белсенділігі мен кәсіби өсуін дәлелдейді. Университет шетелдік және отандық жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтармен ынтымақтастық орнатып, академиялық ұтқырлық, қонақ дәрістер мен ғылыми семинарларды жүзеге асырады. Кафедраға Түркия және Қырғызстан сияқты елдердің ғалымдары шақырылып, білім алушылар мен жас зерттеушілер үшін арнайы курстар, көшбасшылық дәрістер және семинарлар өткізілген.

Білім беру бағдарламаларын іске асыруда цифрлық және инновациялық технологиялар кең қолданылады. ПОҚ Zoom, Microsoft Teams, университеттің электрондық платформалары және ашық онлайн ресурстар арқылы оқу үдерісін ұйымдастырады. Бірқатар оқытушылардың бейнедәрістері университет сайтында және ашық платформаларда орналастырылған.

Жас оқытушыларды қолдау бағытында кафедрада тәжірибелі профессорлардың жетекшілігімен ғылыми және әдістемелік семинарлар тұрақты өткізіліп тұрады. Бұл жас мамандардың ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және педагогикалық құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

ПОҚ өңір мен елдің білім, ғылым және мәдениет саласының дамуына да белсенді үлес қосады. Оқытушылар сарапшы, жоба орындаушысы, конкурс және олимпиада қазылар алқасының мүшесі ретінде қатысып, университеттің әлеуметтік жауапкершілігін және білім беру бағдарламаларының қоғам сұранысына сәйкестігін арттырады.

Жалпы алғанда, университеттің кадрлық саясаты мен ПОҚ-ты дамыту жүйесі білім беру бағдарламаларының сапалы іске асырылуын, оқытушылардың кәсіби және ғылыми әлеуетінің тұрақты өсуін және оқу үдерісінің заманауи талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Аналитикалық бөлім

IAAR Сыртқы сараптау комиссиясының мүшелері университеттің кадр саясаты даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырылатынын және университеттің кәсіби еңбек ресурстарына деген қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталғанын растайды. Жоғары оқу орнының кадр саясатына қатысты барлық рәсімдер ашық әрі қолжетімді, қатаң түрде құжатталған және қолданыстағы заңнама талаптарына сай келеді.

Комиссия ғылыми жетістіктері отандық және шетелдік ғылыми-педагогикалық қауымдастық тарапынан лайықты мойындалған ғалым-педагогтарды ерекше атап өтеді. Олардың жинақтаған зияткерлік капиталы аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының даму нүктесі мен өсу көзі болып табылады (ф.ғ.д., профессор Т.Н. Ермекова, п.ғ.д., профессор А.А. Сатбекова, п.ғ.д., профессор Ж.Н. Сүлейменова, ф.ғ.к., профессор м.а. Ж.К. Отарбековалар және т.б.). Комиссия аккредиттеліп отырған білім беру бағдарламасын іске

асыратын профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін пайдалану арқылы қазақ филологиясының басым бағыттарын жүйелеу, ғылыми мектептерді айқындау қажеттігін көрсетеді. Бұл білім беру бағдарламасының бірегейлігін сақтауға мүмкіндік береді.

. Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы бойынша Түркия Республикасы Башкент университетінің профессоры Сүйер Екер 2021-2022 оқу жылында академиялық ұтқырлықпен келіп, «Қазақ тіл білімі және түркітанудың ғылыми-теориялық мәселелері» тақырыбында 72 сағаттық арнайы курс өткізген. ПОҚ құрамының сыртқы академиялық ұтқырлықпен өзге ел оқу орындарымен тәжірибе алмасуын жолға қою керек.Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік жоғары оқу орындарында тәжірибе жинақтаудың маңыздылығы атап өтіледі.

Мақсатты топ өкілдерімен жүргізілген сұхбат барысында сарапшылар университетте профессор-оқытушылар құрамына арналған негізгі тиімділік көрсеткіштері (KPI) жүйесін әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын анықтады. Бұл ақпаратты оқытушылар да, құрылымдық бөлімшелердің басшылары да растады. Сонымен бірге талқылау барысында оқытушылардың аталған жүйені қалыптастырудың тәсілдері мен критерийлері туралы жеткілікті деңгейде хабардар еместігі және оны әзірлеу үдерісіне тікелей қатыспайтыны атап өтілді. Бұл профессор-оқытушылар құрамын олардың кәсіби қызметін бағалау тетіктерін қалыптастыру процесі туралы кеңінен ақпараттандыру және оған белсенді тарту қажеттігін көрсетеді.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

- ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, ББ мақсаттарына сәйкестігі жоғары деңгейде.

ССК ұсынысы:

- Университет басшылығына *2026 жылғы 30 желтоқсанға дейін* профессор-оқытушылар құрамын (ПОҚ) және білім беру бағдарламаларының (ББ) басшыларын KPI жүйесін әзірлеу үдерісіне тартуды қамтамасыз ету ұсынылады.

- Профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру және іске асыру, сондай-ақ олардың шетелдік жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өту жоспарын әзірлеу ұсынылады. Мерзімі – *2026 жылғы 1 ақпанға дейін*.

ССК қорытындысы:

«Профессорлық-оқытушы құрамы» стандарты бойынша 10 критерий ашылды, 1 критерий – күшті, 9 критерий қанағаттанарлық.

*6.8. Стандарт «*Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі»

ЖОО инфрақұрылымның, білім беру ресурстарының, оның ішінде материалдық-техникалық ресурстардың білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкестігіне кепілдік беруі тиіс

ББ басшылығы ББ мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін заманауи жабдықтармен жабдықталған аудиториялардың, зертханалардың және басқа да объектілердің жеткіліктілігін көрсетуі тиіс

ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО қажеттіліктеріне және іске асырылатын ББ қажеттіліктеріне сәйкестігін, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша көрсетуі тиіс:

білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ технологиялық қолдау (мысалы, онлайн оқыту, модельдеу, Деректер Базасы, деректерді талдау бағдарламалары);

кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры қағаз және электрондық жеткізгіштерде, мерзімді басылымдарда, ғылыми дерекқорларға қолжетімділік;

ҒЗЖ нәтижелерін, бітіру жұмыстарын, плагиатқа диссертацияларды сараптау;

Білім беру интернет-ресурстарына қол жеткізу;

өз аумағында WI-Fi жұмыс істеуі.

ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылым мен білім беруді интеграциялауға, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялауға жағдай жасайтынын көрсетуі тиіс

Жоғары оқу орны білім беру бағдарламаларын игеру үшін пайдаланылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдардың тиісті экономикада пайдаланылатындарға ұқсас болуын көздеуге тиіс

ББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің, оның ішінде ақпараттандыру мен кеңес берудің бар екендігін көрсетуі тиіс

ББ басшылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша ілгерілеуі үшін жағдайлардың болуын көрсетуі тиіс

ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтіндер, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың)қажеттіліктерін ескеруі тиіс

ЖОО инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс

Дәлелдеу бөлімі

Университетте білім беру бағдарламаларын іске асыруға қажетті материалдық-техникалық база, инфрақұрылым және ақпараттық ресурстар оқу жоспарлары, пән мазмұны, күтілетін оқу нәтижелері және мемлекеттік стандарттар талаптарына сәйкес қалыптастырылған. Ресурстардың жеткіліктілігі тұрақты мониторинг арқылы бағаланып, нәтижелері негізінде инфрақұрылымды жаңарту және оқу кеңістігін жетілдіру бойынша шешімдер қабылданады.

Университет инфрақұрылымына 4 оқу корпусы (жалпы ауданы 75 771,3 м²) кіреді. Онда дәріс және семинар аудиториялары, зертханалар, компьютерлік сыныптар, мультимедиялық кабинеттер және интерактивті жабдықтармен қамтамасыз етілген оқу кеңістіктері бар. 7 интерактивті лекциялық зал, 13 компьютерлік сынып, 2 мультимедиялық кабинет жұмыс істейді. Сонымен қатар оқу аудиториялары 43 интерактивті панельмен жабдықталған.

Студенттерге арналған әлеуметтік инфрақұрылым да жеткілікті. Университетте 7 жатақхана (жалпы ауданы 29 565,8 м²) және бір Студенттер үйі бар. Кампус аумағында медициналық орталық, бассейн, спорт залы, кітапхана және «Жан шуағы» психологиялық орталығы жұмыс істейді.

Ақпараттық инфрақұрылым университеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, корпоративтік желі, интернет ресурстары және электрондық білім беру платформалары арқылы жүзеге асырылады. Platonus білім беру платформасы (2024 жылдан) оқу процесін басқаруда қолданылады. Барлық компьютерлер интернет желісіне қосылған, интернет жылдамдығы 100 Мбит/с. Университеттің барлық оқу ғимараттары мен студенттік аймақтарында Wi-Fi желісі (kazmkpu.kz) жұмыс істейді.

Университетте лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету кеңінен қолданылады: Microsoft Windows, Office 365, 1C, Salem Office, Oqulyqkz, Platonus, Plagiarism және басқа да оқу-ғылыми бағдарламалар. Бұл цифрлық ресурстар оқу үдерісінің сапасын арттыруға және ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Кітапхана жүйесі де кең ресурстық қорға ие. Университет кітапханасының жалпы ауданы 4295 м², онда 6 бөлім (1 абонемент, 5 оқу залы) жұмыс істейді. Жалпы кітап қоры 1 093 941 дана, оның ішінде 984 547 дана мемлекеттік тілде. Ғылыми әдебиеттер қоры 177 347 дана (қазақ тілінде – 171 469, орыс тілінде – 8793, шетел тілінде – 85). Докторанттар мен оқытушыларға арналған залда 6320 кітап, оның ішінде 660 сирек кітап, сондай-ақ 5660 автореферат пен диссертация сақталған.

Академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында бітіру жұмыстары, магистрлік диссертациялар және ғылыми зерттеулер міндетті түрде лицензиялық плагиатқа қарсы жүйелер арқылы тексеріледі.

Университет ғылым мен білім интеграциясын дамытуға ерекше көңіл бөледі. ПОҚ ғылыми жобаларға, халықаралық конференциялар мен симпозиумдарға белсенді қатысады. Ғылыми нәтижелер оқу үдерісіне енгізіліп, соның негізінде «Қазақ әдеби тілінің

өміршеңдігі», «Коммуникативті грамматика», «Қазақ жазуы және латын графикасы», «Қазақ лексикографиясы мәселелері» сияқты пәндер әзірленген.

Білім алушыларды қолдау жүйесі эдвайзерлер, халықаралық бөлім, психологиялық қызмет және академиялық кеңесшілер арқылы жүзеге асырылады. Студенттер оқу жоспарлары, бағалау критерийлері, ғылыми және академиялық мүмкіндіктер туралы ақпаратты университеттің ресми сайты (qyzpu.edu.kz), Platonus жүйесі және әлеуметтік желілер арқылы алады.

Университет әртүрлі студенттер топтарына (жұмыс істейтін студенттер, шетелдік білім алушылар, академиялық ұтқырлық қатысушылары, мүмкіндігі шектеулі білім алушылар) қолайлы жағдай жасайды. Инклюзивті инфрақұрылым ретінде пандустар, тактильді плиткалар және көру қабілеті төмен студенттерге арналған арнайы бағдарламалар енгізілген.

Қауіпсіздік жүйесі де толық қамтамасыз етілген. Университет аумағында бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді, ал ақпараттық қауіпсіздік Kaspersky Endpoint Security лицензиялық бағдарламасы арқылы қорғалған. Ғимараттар мен оқу орындары өрт және санитарлық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді және тиісті мемлекеттік органдардың тексерулерінен өткен.

Осылайша университет білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жеткілікті материалдық-техникалық, ақпараттық және әлеуметтік ресурстарға ие және студенттерге сапалы білім алу мен ғылыми қызметпен айналысуға толық мүмкіндік береді.

Аналитикалық бөлім

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты бойынша АРТА критерийлеріне сәйкестігін талдау нәтижесінде оның жалпы алғанда қанағаттанарлық деңгейде екенін атап өтуге болады.

Негізгі бәсекелік артықшылықтардың бірі – жоғары технологиялық әрі үнемі жаңартылып отыратын материалдық-техникалық база болып табылады. ФЭО шеңберінде (2021–2024 жж.) 5,9 млрд теңге көлемінде мақсатты қаржыландырудың және гранттық қаражаттардың тартылуының арқасында университет ГОСО талаптарына сәйкес келетін инфрақұрылым қалыптастырды. Бұл оқу үдерісіне іргелі ғылым мен озық цифрлық шешімдерді ықпалдастыра отырып, кадрларды әлемнің озық стандарттары деңгейінде даярлауға мүмкіндік береді.

Магистранттар мен докоранттардың оқу үдерісін технологиялық тұрғыдан қолдаудың бір тәсілі – білім беру бағдарламасының пәндері бойынша жаппай ашық онлайн курстарды (МООС) әзірлеу болып табылады. Университет сайтында қазақ тілі мен әдебиеті бойынша төмендегі оқытушылардың бейнедәрістері ілінген: Ермекова Т.Н., Бегманова Б., Сұлтанова Б., Сатбекова А.А., Балтабаева Н.С. Сонымен қатар кей оқытушылардың дәрістері Ютуб каналдарына салынған (Отарбекова, Ермекова). Алайда білім беру бағдарламасын іске асыратын кафедраларда жаппай ашық онлайн курстарын әзірлеуді арттыру ұсынылады. Сонымен қатар магистрлік және докторлық диссертация тақырыптарының электрондық базасын құру қажеттігі атап өтілді.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

ССК ұсынысы:

«6В02302 – Филология», «7М02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламалары бойынша түлектер моделіне сәйкес ғылыми зерттеу тақырыптары туралы әлеуетті білім алушыларды өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында ғылыми тақырыптардың электрондық базасын қалыптастыру. Мерзімі – *2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін.*

ССК қорытындысы:

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» стандарты бойынша 13 критерий ашылды, 13 критерий де қанағаттанарлық.

*6.9. Стандарт «*Қоғамды ақпараттандыру»

ЖОО жарияланатын ақпараттың дәл, объективті, өзекті екендігіне кепілдік береді және білім беру бағдарламасы шеңберінде ЖОО қызметінің барлық бағыттарын көрсетеді

Жұртшылықты ақпараттандыру елді дамытудың ұлттық бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуге тиіс

ЖОО басшылығы көпшілікті және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін Ақпаратты таратудың әртүрлі тәсілдерін (соның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық желілер және т. б.) пайдалануы тиіс

ЖОО-ның білім беру бағдарламасы туралы жариялайтын ақпараты объективті және өзекті болуға және мыналарды қамтуға тиіс:

біліктілік берілген ББ мақсаты және жоспарланған нәтижелері;

білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі мен мәліметтері;

академиялық ұтқырлық бағдарламалары және серіктес жоғары оқу орындарымен, жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың басқа да нысандары туралы мәліметтер;

білім алушылардың жеке және кәсіби құзыреттерін дамыту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы мәліметтер;

білім беру қызметтері нарығында ББ позициясын көрсететін деректер (өңірлік, ұлттық, халықаралық деңгейлерде);

Ашық ресурстарда персонал бөлінісінде ПОҚ туралы сенімді ақпаратты жариялау маңызды фактор болып табылады

ЖОО сыртқы бағалау рәсімдерінің нәтижелері бойынша ақпаратты және сыртқы ресурстарға сілтемелерді орналастыруы тиіс

Әріптестермен, оның ішінде ғылыми/консалтингтік ұйымдармен, бизнес серіктестермен, әлеуметтік серіктестермен және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы ақпаратты орналастыру маңызды фактор болып табылады

Дәлелдеу бөлімі

Университет пен кафедраның маңызды міндеттерінің бірі – қоғамды өз қызметі туралы уақтылы, шынайы және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету. Бұл жұмыс ашықтық, айқындық, білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамының, жұмыс берушілердің ақпараттандырылуы мен қатысуы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламалары, оқу жоспарлары, пәндердің жұмыс бағдарламалары, академиялық күнтізбе, университет пен кафедра жетістіктері туралы ақпарат университеттің ресми веб-сайтында, порталында, ақпараттық стендтерде, сондай-ақ республикалық басылымдар мен әлеуметтік желілерде жарияланады.

Ақпарат мақсатты аудиторияның ерекшеліктеріне сәйкес таратылады. Студенттер үшін Instagram, TikTok сияқты әлеуметтік желілер тиімді болса, жұмыс берушілер мен түлектер үшін ресми сайт, электрондық пошта және кәсіби платформалар қолданылады.

Университеттің негізгі ақпараттық платформасы – https://qyzpu.edu.kz ресми сайты. Сайт қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жұмыс істейді және білім алушылар, ПОҚ және қызметкерлер туралы деректер базасын қамтиды. Веб-ресурста университет қызметі, білім беру бағдарламалары, ғылым, халықаралық ынтымақтастық, студенттерге арналған ақпарат, жаңалықтар, хабарландырулар және медиа материалдар орналастырылған. Сайтта университеттің 2023–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы, ғылыми жобалар, халықаралық серіктестер туралы ақпарат жарияланған. Сонымен қатар Филология институты мен кафедралар әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізеді. Университет ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету үшін кері байланыс механизмдерін қолданады. Ресми сайтта виртуалды қабылдау бөлмесі мен онлайн-консультант қызметі жұмыс істейді, бұл пайдаланушыларға сұрақтар қойып, ұсыныстар қалдыруға мүмкіндік береді. Сонымен

қатар университеттің комплаенс-қызметі шағымдарды қарау, бұзушылықтардың алдын алу және заңнамалық талаптардың сақталуын бақылаумен айналысады.

Ақпаратты тарату үшін ресми веб-сайт, LMS платформасы, әлеуметтік желілер, БАҚ, ақпараттық стендтер және электрондық бюллетеньдер пайдаланылады. Ақпараттың өзектілігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты мониторинг жүргізіліп, пайдаланушылардың кері байланысы талданады.

Университет білім беру бағдарламалары туралы толық және құрылымдалған ақпаратты ашық түрде ұсынады. Оған бағдарламаның сипаттамасы, оқу жоспары, пәндер каталогы, ПОҚ туралы мәліметтер, ғылыми зерттеулер, халықаралық ынтымақтастық, түлектердің жұмысқа орналасуы және кері байланыс арналары кіреді. Сонымен қатар университет студенттер, түлектер және жұмыс берушілер үшін жыл сайын бос орындар жәрмеңкелерін ұйымдастырады (мысалы, Job Fair - 2024, Бос орындар жәрмеңкесі - 2025), бұл түлектердің жұмысқа орналасуына ықпал етеді.

Университет шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдармен академиялық бағдарламалар, ғылыми зерттеулер және оқытушылардың біліктілігін арттыру бағытында ынтымақтастық орнатқан.

«6B02302 Филология», «7M02301 Филология», «8D02301 Филология» білім беру бағдарламалары туралы толық ақпарат университеттің ресми сайтында жарияланып, тұрақты жаңартылып отырады. Сондай-ақ ПОҚ туралы мәліметтер (академиялық дәрежесі, ғылыми еңбектері, зерттеу бағыттары) ашық түрде ұсынылады.

Білім беру бағдарламаларының сапасы туралы сыртқы бағалау нәтижелері университет сайтында жарияланып, жұртшылыққа қолжетімді. Бұл университеттің білім беру сапасын қамтамасыз ету және ашықтық қағидаларын ұстанатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, университет қоғамды ақпараттандыруды ресми веб-ресурстар, әлеуметтік желілер, БАҚ және ақпараттық жүйелер арқылы жүйелі түрде жүзеге асырады. Бұл білім алушыларды, серіктестерді және жұртшылықты университеттің білім беру, ғылыми және серіктестік қызметі туралы уақтылы хабардар етуге мүмкіндік береді.

Аналитикалық бөлім

Университет өз қызметі туралы жұртшылықты әртүрлі байланыс арналары арқылы ақпараттандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізеді.

Университеттің ресми сайтында ЖОО және оның құрылымдық бөлімшелері туралы құрылымдалған ақпарат, талапкерлер мен түлектерге арналған мәліметтер, докторанттар, магистранттар мен студенттерге қатысты ақпарат (ауыстыру, қайта қабылдау ережелері, гранттар, шәкіртақылар және т.б.); ғылыми жұмыс пен ынтымақтастық туралы ақпарат, университеттің өмірі туралы мәліметтер (жаңалықтар, іс-шаралар) орналастырылған. Сонымен қатар сайтта университеттің білім беру ресурстарына (электрондық кітапхана) сілтемелер берілген. Университет ректорымен кері байланыс орнатуға арналған ректор блогы да жұмыс істейді.

Сарапшылар тобының сапары барысында ақпараттық-білім беру ортасының негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын университеттің ресми сайты тек жергілікті режимде ғана жұмыс істегені анықталды. Университет өкілдерінің түсіндіруінше, бұл жағдай интернет-провайдердің ауысуына байланысты туындаған. Мұндай жағдайлар ақпараттық ресурстарға тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз етуге қауіп тудыруы мүмкін. Осыған байланысты университетке ақпараттық саясатты іске асыру шеңберінде цифрлық инфрақұрылымның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелеріне қосымша көңіл бөлу ұсынылады. Сонымен қатар комиссия мүшелері білім беру бағдарламасының білім беру қызметтері нарығындағы орнын айқындайтын ғылыми мектептердің бірегейлігі туралы деректерді жариялау қажеттігін атап өтті.

Мықты жақтары / үздік тәжірибе:

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

ССК ұсынысы:

- Университет басшылығына аккредиттеу мерзімі ішінде университеттің ресми сайтының тұрақты әрі үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету ұсынылады, сондай-ақ интернетке қолжетімділіктің мүмкін болатын үзілістеріне байланысты тәуекелдерді азайту үшін техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қарастыру қажет.

- Білім беру бағдарламасының басшылығына білім беру қызметтері нарығындағы ББ позициясын айқындайтын ғылыми мектептердің бірегейлігі туралы деректерді жариялау ұсынылады. Мерзімі – *2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін*.

ССК қорытындысы:

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты бойынша 11 критерий ашылды, 11 критерий де қанағаттанарлық.

(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША МЫҚТЫ ЖАҚТАРҒА ШОЛУ / ЕҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты бойынша

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

«Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингін жасау және мерзімді бағалау» стандарты бойынша

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

«Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгірімді бағалау» стандарты бойынша

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

«Білім алушылар» стандарты бойынша

ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін мықты жағына жатқызамыз.

«Профессорлық-оқытушы құрамы» стандарты бойынша

ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, ББ мақсаттарына сәйкестігі жоғары деңгейде.

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» стандарт бойынша

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты бойынша

Бұл стандарт бойынша үздік тәжірибе анықталмады.

(I) САПАНЫ ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша

- Университет басшылығына *2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін* білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарын әзірлеу, басқару, мониторинг жүргізу және қайта қарау тәртібін егжей-тегжейлі сипаттайтын жеке құжатты (ереже / нұсқаулық / регламент) әзірлеу, бекіту, ресми сайтта орналастыру және қызметке енгізу ұсынылады.
- Университет басшылығына *2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін* ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін егжей-тегжейлі сипаттайтын жеке құжатты (ереже / нұсқаулық / регламент) әзірлеу, бекіту, ресми сайтта орналастыру және қызметке енгізу ұсынылады.
- ЖОО басшылығына *2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін* құрылымдық бөлімшелер деңгейінде және білім беру бағдарламалары аясында тәуекелдерді басқару тәртібін айқындап, құжаттандыру ұсынылады.
- Университет басшылығына *2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін* менеджмент бағдарламалары бойынша оқудан өткен әрбір жетекшіге алынған білімді қолдану бойынша жеке жоспар әзірлеуді және оны жыл сайынғы аттестация аясында іске асырылуын есепке алуды қарастыратын посттренингтік қолдау механизмін енгізу ұсынылады.
- Университет пен білім беру мекемесінің басшылығы білім беру мекемесі аккредиттелген бүкіл кезең ішінде қызметті жоспарлау құжаттарында ССК-тің барлық ұсынымдарын жүзеге асыруды және олардың толық орындалуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауы тиіс.
- Білім беру бағдарламасы шеңберінде инновацияларды енгізу және олардың енгізілуін бақылауды ресімдеу. Орындалуы – *2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін*

«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты бойынша

- Университет басшылығына *2026 жылғы 1 мамырға дейін* әртүрлі санаттар (талапкер, білім алушы, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкер және т.б.) бойынша атқарылатын міндеттерді орындау үшін қажетті әрі жеткілікті дербес деректердің тізбесін өзектендіру ұсынылады. Осы тізімді ескере отырып, білім алушылар мен қызметкерлердің дербес деректерін жинауға және өңдеуге берілетін Келісім нысанын жаңарту қажет.
- Филология институты сайттарында «6B02302 – Филология», «7M02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламалары бойынша соңғы ақпарат пен жаңалықтарды уақтылы жаңартып отыруды қамтамасыз ету қажет.

Мерзімі – 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін**.**

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша

- «Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелері «6B02302 – Филология», «7M02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламаларының бірегейлігін айқындау бойынша іс-шаралар ұйымдастырып, оны толық және нақты айқындауға арналған әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз етуі тиіс. Іске асыру мерзімі – 2026 жылғы 1 ақпанға дейін.

Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингін жасау және мерзімді бағалау» стандарты бойынша

- Университет басшылығына *2026 жылғы 30 мамырға дейін* білім беру бағдарламаларының сапасын мониторингтеу нәтижелерін коллегиялық органдарда қарастырып, олардың әрі қарай дамуы мен жетілдірілуі бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

- *2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін* аккредиттелетін білім беру бағдарламалары аясында енгізілген жаңа пәндер мен Minor бағдарламаларының тиімділігі мен сұранысын бағалау жүргізуді ұсынады. Студенттердің сауалнамалары мен жұмыс берушілермен кеңесу нәтижелерін талдау негізінде қолданыстағы Minor бағдарламаларының мазмұнын түзету немесе өзектілігін жойған бағыттарды ауыстыру бойынша ұсыныстар дайындау қажет.
- Білім беру бағдарламасының жетекшілері бағдарламадағы өзгерістер туралы ақпаратты жариялап, мүдделі тұлғаларды кез келген жоспарланған немесе атқарылған шаралар туралы хабардар етуі тиіс.
- Білім беру бағдарламасының мақсаты мен оқу нәтижелеріне қол жеткізуді талдау үшін негізгі критерийлер мен форматты, сондай-ақ бағдарламаның сыртқы сарапшыларына қойылатын талаптарды нақты көрсететін әдістемелік нұсқаулық әзірлеу. Орындау мерзімі – 2026–2027 оқу жылының басына дейін.

«Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгірімді бағалау» стандарты бойынша

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының «6B02302 - Филология», «7M02301 - Филология», «8D02301 - Филология» білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында қолданылатын авторлық әдістемесін жетілдіру жоспарын әзірлеу. Мерзімі – 2026 жылғы 01 қыркүйекке дейін.

«Білім алушылар» стандарты бойынша

- Университет басшылығына *2027 жылғы 1 қаңтарға дейін* Түлектер қауымдастығы туралы ережені әзірлеп, бекіту, оның құрылымы мен қызмет бағыттарын анықтау ұсынылады. Қауымдастықтың жұмыс жоспарын қалыптастырып, бекітіп және жүзеге асыру, сондай-ақ түлектердің білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысуын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар Қауымдастық қызметі туралы ақпаратты университеттің ресми сайтында орналастыру және оның өкілдерін университеттің алқалы басқару органдарының (Ғылыми кеңес, академиялық комитеттер) құрамына енгізу арқылы қабылданатын шешімдерге нақты ықпал ету мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.
- ББ басшылығына ғылыми тағылымдамалардың нәтижелілігін бағалау критерийлерін әзірлеу ұсынылады. Бұл критерийлер ғылымның өзекті даму үрдістерін анықтауға, диссертациялық зерттеулердің сапасын арттыруға және есептік құжаттаманы жетілдіруге бағытталуы тиіс. Мерзімі – *2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін.*

«Профессорлық-оқытушы құрамы» стандарты бойынша

- Университет басшылығына *2026 жылғы 30 желтоқсанға дейін* профессор-оқытушылар құрамын (ПОҚ) және білім беру бағдарламаларының (ББ) басшыларын KPI жүйесін әзірлеу үдерісіне тартуды қамтамасыз ету ұсынылады.
- Профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру және іске асыру, сондай-ақ олардың шетелдік жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өту жоспарын әзірлеу ұсынылады. Мерзімі – *2026 жылғы 1 ақпанға дейін*.

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» стандарт бойынша

«6B02302 – Филология», «7M02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламалары бойынша түлектер моделіне сәйкес ғылыми зерттеу тақырыптары туралы әлеуетті білім алушыларды өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында ғылыми тақырыптардың электрондық базасын қалыптастыру. Мерзімі – 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты бойынша

- Университет басшылығына аккредиттеу мерзімі ішінде университеттің ресми сайтының тұрақты әрі үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету ұсынылады, сондай-ақ интернетке қолжетімділіктің мүмкін болатын үзілістеріне байланысты тәуекелдерді азайту үшін техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қарастыру қажет.

- Білім беру бағдарламасының басшылығына білім беру қызметтері нарығындағы ББ позициясын айқындайтын ғылыми мектептердің бірегейлігі туралы деректерді жариялау ұсынылады. Мерзімі – *2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін*.

(IX) АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫС

Сыртқы сараптама комиссиясының мүшелері «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ іске асыратын «6B02302 – Филология», «7M02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламалары 5 жыл мерзімге аккредиттелуі мүмкін деген бірауыздан пікірге келді.

ҚОСЫМША 1. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БАҒДАР ПАРАМЕТРЛЕРІ» БАҒАЛАУ КЕСТЕСІ

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ «6В02302 – Филология», «7М02301 – Филология», «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасының сапасын бағалау жөніндегі сыртқы сараптама комиссиясының қорытындысы

р\н	р\	Бағалау критерийлері	Білім беру ұйымының ұстанымы			
			Күшті	Қанағаттанарлық	Жақсартуды қамтиды	Қанағаттанарлықсыз
Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»						
1	1.	ЖОО әртүрлі стейкхолдерлерді кеңінен тарта отырып сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде ББ дамыту мақсаты мен стратегиясын әзірлеуді көрсетуі тиіс		+		
2	2.	Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсету керек		+		
3	3.	ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетеді		+		
4	4.	Сапаны қамтамасыз ету міндеттемесі мердігерлер мен серіктестер орындайтын кез келген қызметке (аутсорсингке), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беруді және академиялық ұтқырлықты іске асыру кезінде жатқызылуы тиіс		+		
5	5.	ББ басшылығы оның жұмыс істеуін талдау, ЖОО-ның нақты орналасуы және оның қызметінің білім алушылардың, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі		+		

		тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы негізінде ББ дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді.				
6	6.	ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыру және оны іске асыру мониторингін ұдайы қайта қарау, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалау, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестік, ББ ұдайы жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау тетіктерінің жұмыс істеуін көрсетеді		+		
7	7.	ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен ПОҚ тартуға тиіс		+		
8	8.	ББ басшылығы ББ даму жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымының даму стратегиясымен үйлесімділігін көрсетуі тиіс		+		
9	9.	ЖОО ББ шеңберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындалуын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бөлуді, алқалы органдардың функцияларын ажыратуды көрсетуі тиіс		+		
10	10	ББ басшылығы ББ әзірлеу мен басқаруға қатысатын барлық тұлғалардың қызметін үйлестіруді және оны үздіксіз іске асыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы процеске барлық мүдделі тұлғаларды тартады		+		
11	11	ББ басшылығы басқару жүйесінің ашықтығын, оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, тиісті шешімдер қабылдауды қамтитын сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс		+		
12	12	ББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс			+	
13	13	ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына мүдделі тұлғалардың (жұмыс берушілердің, ПОҚ, білім алушылардың) өкілдерінің қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың өкілдігін қамтамасыз етуге тиіс		+		
14	14	ЖОО ББ шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс		+		
15	15	ББ басшылығы ПОҚ білім алушылары, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін өзінің ашықтығы мен қолжетімділігін көрсетуі тиіс		+		

16	16	ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өткенін растайды		+		
17	17	ББ басшылығы сапаны сыртқы қамтамасыз етудің соңғы рәсімінен бастап қол жеткізілген прогресті келесі рәсімге дайындық кезінде ескеруге ұмтылуы керек			+	
Стандарт бойынша жиыны				15	2	
Стандарт «Ақпаратты басқару және есеп беру»						
18	1.	ЖОО қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдар негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс		+		
19	2.	ББ нұсқаулығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалануды көрсетеді		+		
20	3.	ББ басшылығы ББ шеңберінде барлық құрылымдық бөлімшелер мен кафедралардың қызметін көрсететін, олардың нәтижелілігін бағалауды қамтитын есептілік жүйесінің болуын көрсетеді		+		
21	4.	ЖОО ББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін бағалаудың кезеңділігін, нысандары мен әдістерін айқындауға тиіс		+		
22	5.	ЖОО ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде ақпаратты талдаудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты тұлғаларды айқындау және деректерді ұсыну тетігін көрсетуі тиіс		+		
23	6.	ЖОО білім алушыларды, қызметкерлер мен ПОҚ ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау проце стеріне тартуды көрсетеді		+		
24	7.	ББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің бар екендігін көрсетуге тиіс		+		
25	8.	ЖОО ББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі		+		

		және анықталған кемшіліктерді жою дәлелдерін көрсетуі тиіс				
26	9.	ЖОО қызметтің нәтижелілігі мен т иімділігін, оның ішінде ББ бөлінісінде бағалауы тиіс		+		
		ЖОО ББ шеңберінде жинайтын және талдайтын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:				
27	10.	тиімділіктің негізгі көрсеткіштері		+		
28	11.	нысандар мен түрлер бойынша білім алушылар контингентінің динамикасы		+		
29	12.	үлгерім деңгейі, студенттердің жетістіктері және оқудан шығару		+		
30	13.	білім алушылардың ББ іске асырылуына және ЖОО оқыту сапасына қанағаттануы		+		
31	14.	білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі		+		
32	15.	түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі		+		
33	16.	Білім алушылар, қызметкерлер және ПОҚ дербес деректерді өңдеуге өзінің келісімін құжатпен растауы тиіс		+		
34	17.	ББ басшылығы ғылымның тиісті салаларында барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуге тиіс		+		
Стандарт бойынша жиыны				17		
Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»						
35	1.	ЖОО ББ әзірлеудің құжатталған рәсімінің болуын және оны институционалдық деңгейде бекітуді көрсетуі тиіс		+		
36	2.	ЖОО әзірленген ББ белгіленген мақсаттарға және оқытудың жоспарланған нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуі тиіс		+		
37	3.	ББ басшылығы пәндер мен кәсіптік практикалардың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін айқындауы тиіс		+		
38	4.	ЖОО оқу нәтижелері мен жеке қасиеттерін қамтитын ББ түлегі моделінің болуын көрсете алады		+		
39	5.	ББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік нақты		+		

40	6.	ББ басшылығы кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесіне (ECTS) негізделген бағдарламаның модульдік құрылымын көрсетуі, оп, оның модульдерінің (мазмұны мен құрылымы бойынша) оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарлана отырып, қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
41	7.	ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұны мен оқу нәтижелерінің бір-біріне және оқу деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс		+		
42	8.	ББ басшылығы ББ сыртқы сараптамаларын жүргізуді көрсетуі тиіс		+		
43	9.	ББ басшылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс		+		
44	10.	ББ басшылығы ББ-ң білім беру нарығында (өңірлік/ұлттық / халықаралық) орналасуын, оның бірегейлігін көрсетуі тиіс		+		
45	11.	Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады		+		
46	12.	Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен (- лар) және/немесе қос дипломды (-лар) ББ болуы маңызды фактор болып табылады			+	
Стандарт бойынша жиыны				11	1	
Стандарт «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағасы»						
47	1.	ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, ББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуі тиіс		+		
48	2.	ЖОО ББ мақсатына қол жеткізу және ББ тұрақты жетілдіру үшін ББ мониторингі мен мерзімді бағалауды		+		

		жүргізудің құжатталған рәсімінің болуын көрсетуі тиіс				
49	3.	ББ мониторингі мен мерзімді бағалауды қарастыру керек:		+		
50	4.	белгілі бір пән бойынша ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері контекстіндегі бағдарламалардың мазмұны;		+		
51	5.	қоғамның және кәсіби ортаның қажеттіліктерінің өзгеруі;		+		
52	6.	білім алушылардың жүктемесі, үлгерімі және бітіруі;		+		
53	7.	білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі;		+		
54	8.	білім алушылардың қажеттіліктері мен қанағаттану дәрежесі;		+		
55	9.	білім беру ортасы мен қолдау қызметтерінің ББ мақсаттарына сәйкестігі		+		
56	10.	Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін және олардың оқуды ұйымдастыруға, оқытуға, бағалауға, ББ игеруге қанағаттану дәрежесін анықтауы керек		+		
Стандарт бойынша жиыны				10		
Стандарт «Студенттік орталықтандырылған оқыту, оқыту және үлгерімді бағалау»						
57	1.	ББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды, оларға оқытуд ың икемді траекторияларын ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс		+		
58	2.	ББ басшылығы даярлау бағыты саласындағы әлемдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде оқытуды, ББ мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мен оқыту нәтижелерін бағалаудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалануды, оның ішінде құзыреттерді, ғылыми жұмысты қажетті деңгейде орындау дағдыларын қамтамасыз етуге тиіс		+		
59	3.	ББ басшылығы ББ шеңберінде білім алушылардың оқу жүктемесін теория мен практика арасында бөлу, әрбір		+		

		бітірушінің ББ мазмұны мен мақсаттарына қол жеткізуді игеруді қамтамасыз ету тетіктерін айқындауға тиіс				
60	4.	ББ пәндерін оқыту әдістемесі саласында өз зерттеулерінің болуы маңызды фактор болып табылады		+		
61	5.	ЖОО оқу нәтижелерін бағалау рәсімдерінің ББ жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
62	6.	ЖОО ББ оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің жүйелілігін, ашықтығы мен объективтілігін, бағалау критерийлері мен әдістерін алдын ала жариялауды қамтамасыз етуі тиіс		+		
63	7.	Бағалаушылар оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін білуі және осы салада үнемі біліктілігін арттыруы керек		+		
64	8.	ББ басшылығы оқыту мен оқыту нәтижелерін бағалаудың түрлі әдістемелерін пайдалану бойынша кері байланыс жүйесінің бар екендігін көрсетуі тиіс		+		
65	9.	ББ басшылығы оқытушы тарапынан бір мезгілде басшылық пен көмек көрсету кезінде білім алушылардың дербестігін қолдауды көрсетуі тиіс		+		
66	10.	ББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің бар жоғын көрсетуі тиіс		+		
Стандарт бойынша жиыны				10		
Стандарт «Білім алушылар»						
67	1.	ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және білім алушылардың өмірлік циклін (түсуден бастап аяқтауға дейін) реттейтін рәсімдердің ашықтығын,жариялануын қамтамасыз етуі тиіс		+		
68	2.	ББ басшылығы жаңа ғана оқуға түскен және шетелдік білім алушылар үшін бейімдеу мен қолдаудың арнайы бағдарламаларын жүргізуді көздеуге тиіс		+		
69	3.	ЖОО өз іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығының нәтижелерін, сондай-		+		

		ақ қосымша, ресми және бейресми оқыту нәтижелерін тану жөніндегі тетіктің болуы мен қолданылуын көрсетуі тиіс				
70	4.	ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс		+		
71	5.	ЖОО білім алушыларды негізгі бағдарламадан (оқудан тыс қызметтен) тыс өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға ынталандыруы тиіс		+		
72	6.	Дарынды білім алушыларды қолдау тетігінің болуы маңызды фактор болып табылады		+		
73	7.	Жоғары оқу орны біліктілікті салыстырмалы түрде тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және «Академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі Ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісі/Ұлттық академиялық тану ақпараттық орталықтары» ENIC/NARIC ұлттықорталықтарымен ынтымақтастықты көрсетуі тиіс		+		
74	8.	ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуі тиіс	+			
75	9.	ЖОО түлектерге алған біліктілігін растайтын құжаттарды, соның ішінде қол жеткізілген оқу нәтижелерін беру рәсімін көрсетуі тиіс		+		
76	10.	ББ басшылығы бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылары бар екенін және бұл дағдылардың шынымен де өзекті екенін көрсетуі керек		+		
77	11.	ББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуына және кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс		+		
78	12.	Маңызды фактор - қолданыстағы түлектер қауымдастығының/ бірлестігінің болуы			+	

Стандарт бойынша жиыны			1	10	1	
Стандарт «Профессор-оқытушылар құрамы»						
79	1.	ЖОО-да бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін қызметкерлерді жалдау (оның ішінде шақырылған ПОҚ), кәсіби өсу және дамытуды қамтитын ББ бөлінісінде объективті және ашық кадр саясаты болуы тиіс		+		
80	2.	ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, ББ мақсаттарына сәйкестігін көрсетуі тиіс	+			
81	3.	ББ басшылығы студенттік орталықтандырылған оқыту мен оқытуға көшуге байланысты оқытушының рөлінің өзгеруін көрсетуі керек		+		
82	4.	ЖОО ПОҚ, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беруі тиіс		+		
83	5.	ЖОО ББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттіліктері бар тиісті салалардың мамандарын оқытуға тартуы тиіс		+		
84	6.	ЖОО ПОҚ ның кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс		+		
85	7.	ЖОО білім беру процесінде (мысалы, on-line оқыту, e-портфолио, MOOCs және т. б.) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдардың ПОҚ кеңінен қолданылуын көрсетуі тиіс		+		
86	8.	ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағытталғандығын көрсетуі тиіс		+		
87	9.	ЖОО әрбір оқытушының ЖОО-да сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерілетуге тартылуын көрсетуі, ПОҚ, оның ішінде шақырылғандардың ББ мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін айқындауы тиіс		+		
88	10.	ПОҚ өңір мен елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға тартылуы маңызды фактор болып табылады				

Стандарт бойынша жиыны			1	9		
Стандарт «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері»						
89	1.	ЖОО инфрақұрылымның, білім беру ресурстарының, оның ішінде материалдық- техникалық ресурстардың білім беру бағдарламасының мақсаттарына сә йкестігіне кепілдік беруі тиіс		+		
90	2.	ББ басшылығы ББ мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін заманауи жабдықтармен жабдықталған аудиториялардың, зертханалардың және басқа да объектілердің жеткілі ктілігін көрсетуі тиіс		+		
		ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО қажеттіліктеріне және іске асырылатын ББ қажеттіліктеріне сәйкестігін, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша көрсетуі тиіс:				
91	3.	білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ технологиялық қолдау (мысалы, онлайн оқыту, модельдеу, Деректер базасы, деректерді талдау бағдарламалары);		+		
92	4.	кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры қағаз және электрондық жеткізгіштерде, мерзімді басылымдарда, ғылыми дерекқорла рға қолжетімділік;		+		
93	5.	ҒЗЖ нәтижелерін, бітіру жұмыстарын, плагиатқа диссертацияларды сараптау;		+		
94	6.	Білім беру интернет-ресурстарына қол жеткізу;		+		
95	7.	өз аумағында WI-Fi жұмыс істеуі.		+		
96	8.	ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылым мен білім беруді интеграциялауға, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялауғ а жағдай жасайтынын көрсетуі тиіс		+		
97	9.	Жоғары оқу орны білім беру бағдарламаларын игеру үшін пайдаланылатын оқу жабдықтары мен		+		

		бағдарламалық құралдардың тиісті экономикада пайдаланылатындарға ұқсас болуын көздеуге тиіс				
98	10.	ББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің, оның ішінде ақпараттандыру мен кеңес берудің бар екендігін көрсетуі тиіс.		+		
99	11.	ББ басшылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша ілгерілеуі үшін жағдайлардың болуын көрсетуі тиіс.		+		
100	12.	ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтіндер, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың)қажеттіліктерін ескеруі тиіс		+		
101	13.	ЖОО инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
Стандарт бойынша жиыны				13		
Стандарт «Жұртшылықты ақпараттандыру»						
102	1.	ЖОО жарияланатын ақпараттың дәл, объективті, өзекті екендігіне кепілдік береді және білім беру бағдарламасы шеңберінде ЖОО қызметінің барлық бағыттарын көрсетеді		+		
103	2.	Жұртшылықты ақпараттандыру елді дамытудың ұлттық бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуге тиіс		+		
104	3.	ЖОО басшылығы көпшілікті және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін Ақпаратты таратудың әртүрлі тәсілдерін (соның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық желілер және т. б.) пайдалануы тиіс		+		
		ЖОО-ның білім беру бағдарламасы туралы жариялайтын ақпараты объективті және өзекті болуға және мыналарды қамтуға тиіс:				
105	4.	біліктілік берілген ББ мақсаты және жоспарланған нәтижелері;		+		
106	5.	білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі мен мәліметтері;		+		

107	6.	академиялық ұтқырлық бағдарламалары және серіктес жоғары оқу орындарымен, жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың басқа да нысандары туралы мәліметтер;		+		
108	7.	білім алушылардың жеке және кәсіби құзыреттерін дамыту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы мәліметтер;		+		
109	8.	білім беру қызметтері нарығында ББ позициясын көрсететін деректер (өңірлік, ұлттық, халықаралық деңгейлерде);		+		
110	9.	Ашық ресурстарда персонал бөлінісінде ПОҚ туралы сенімді ақпаратты жариялау маңызды фактор болып табылады		+		
111	10.	ЖОО сыртқы бағалау рәсімдерінің нәтижелері бойынша ақпаратты және сыртқы ресурстарға сілтемелерді орналастыруы тиіс		+		
112	11.	Әріптестермен, оның ішінде ғылыми/консалтингтік ұйымдармен, бизнес серіктестермен, әлеуметтік серіктестермен және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы ақпаратты орналастыру маңызды фактор болып табылады		+		
Стандарт бойынша жиыны				11		
БАРЛЫҒЫ			2	106	4	

ҚОСЫМША 2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА САПАР БАҒДАРЛАМАСЫ

СОГЛАСОВАНО
Председателем Правления - Ректор
НАО «Казахский национальный
женский педагогический университет»
_____Б.С.Каримова
«___ ___» _____ 2026 г.

УТВЕРЖДАЮ
Генеральный директор НУ
«Независимое агентство аккредитации и рейтинга»
_____ Жумагулова А.Б.
«____» _____ 2026 г.

ПРОГРАММА
ВИЗИТА ВНЕШНЕЙ ЭКСПЕРТНОЙ КОМИССИИ
НЕЗАВИСИМОГО АГЕНТСТВА АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА (IAAR)
В НАО «Казахский национальный женский педагогический университет»
(международная программная аккредитация)

Дата проведения визита: 3-5 марта 2026 года

Кластер 1 (специализированная аккредитация)	6B01501 Математика 6B01507 Химия 6B01504 Физика 6B01506 Информатика

